ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 3 наурыз №107 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2015 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №1444 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2015 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №1444 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2015 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

«Бәсекеге қабілетті мәдени орта қалыптастыру үшін жағдай жасау» деген 1-бөлімде реттік нөмірлері 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.	«Бәйтерек-fest» жас-тар шығармашылық фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	ДІАҚМ	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 15,13; 2019 жылы – 15,13)	РБ
3.	Мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру	шығарма-шылық есеп	МСМ	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 10,9; 2016 жылы – 8,6; 2017 жылы – 7,7; 2018 жылы – 6,4)	РБ 007

»;

«Ұлттың мәдени кодын және қазіргі заманғы мәдени кластерлерді қалыптастыру» деген 2-бөлімде:

«Ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталықтары ретіндегі музейлер, қорық-музейлер» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

16.	Қорық-музейлерді жаңғырту жолдарын айқындайтын бас жос-парларды әзірлеу	орындалған жұмыстар ды актісі	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 4,5; 2016 жылы – 5,0)	РБ 033-101

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 20-2, 20-3 және 20-4-жолдармен толықтырылсын:

«

20-2.	«Ғасырлар амана-ты» халықаралық му-зейлер фестивалін өткізу (ғылыми-практикалық конферен-ция, мультимедиялық жобалардың тұсаукесері, «Өнерfest» сәндік- қолданбалы өнер көрмесі, тарихи реконструкция)	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (8,0)	ЖБ
20-3.	«Алаштың ал-тын шаңырағы» инновациялық музей жобасын іске асы-ру аясында Мәлік Ғабдуллиннің туған жерінде этномәдени фестиваль өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (0,63)	ЖБ
20-4.	«Жас ғабдуллиншілдер» инновациялық музей жобасын іске асы-ру аясында музей клубтарының жанын-да жас патриоттар республикалық фору-мын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (0,43)	ЖБ

»;

«Тарихи-мәдени мұраны сақтау» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 21, 23, 24, 33, 45, 48, 59, 60, 63 және 66-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

21.	Көне Тараз археологиялық ескерткіштерін реставра-циялау және консерва-циялау, I-XIX ғғ. (шығыс моншасы, мешіт, медре-се, бекініс қорғандары), Жамбыл облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2015 – 2017 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 20,4; 2016 жылы – 18,0; 2017 жылы – 39,4)	РБ 033-100

»;

«

23.	Қараман ата қорымының ескерткіштерін кон-сервациялау және музейлендіру, XI-XIX ғғ., Маңғыстау облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2015 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (15,6)	РБ 033-100
24.	Қожа Ахмет Яссауи кесенесін реставрация-лау, XIV ғ., Оңтүстік Қазақстан облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2015 жыл, 2017 жыл	көзделген қара-жат шеңберінде (2015 жылы – 54,7; 2017 жылы – 40,0)	РБ 033-100

»;

«

33.	Жер астындағы Шақпақ ата мешітін консервациялау және музейлендіру X-XI ғғ., Маңғыстау облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2015 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (7,1)	РБ 033-100

»;

«

45.	Отырар оазисі ескерткіштерін қалпына келтіру, реставрациялау және консервациялау (үлкен собор мешіті, басты қала қақпасы, «Хамам» шығыс моншасы, X ғ. және Отырар қалашығының т.б. XIV–XV ғғ. ескерткіштері), Оңтүстік Қазақстан облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2015 – 2017 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 22,2; 2016 жылы – 22,2; 2017 жылы – 35,3)	РБ 033-100

»;

«

48.	Қарасақал қорымы кешенін реставрациялау, XVII-XX ғғ., Байғанин ау-даны, Ақтөбе облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2015 – 2016 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 4,6; 2016 жылы – 18,6)	РБ 033-100

»;

«

59.	Р. Бағланова атындағы аудандық мәдениет үйінің (бұрынғы шіркеу) ғимаратын реставрациялау, 1904 ж., Қазалы ауданы Қызылорда облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2016 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (14,3)	РБ 033-100
60.	Құтқарушы Христос шіркеуін реставрациялау XIX ғ., Қызылорда қ., Қызылорда облысы	орындалған жұмыс тардың актісі	МСМ	2016 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (20,2)	РБ 033-100

»;

«

63.	Жамбыл атындағы облыстық драма театрының (бұрынғы Халық үйі) ғимаратын рестав-рациялау, 1902 ж., Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2016 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (18,6)	РБ 033-100

»;

«

66.	Сисем ата қорғанының объектілерін реставрация-лау, XIII-XIX ғғ., Маңғыстау облысы	орындалған жұмыстардың актісі	МСМ	2017 – 2018 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2017 жылы – 21,0; 2018 жылы – 20,0)	РБ 033-100

»;

реттік нөмірлері 64 және 67-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 72-1 және 72-2-жолдармен толықтырылсын:

«

72-1.	Облыс аумағындағы археологиялық ескерткіштерге ғылыми зерттеу бар-лау жұмыстарын жүргізу (жойылу қаупі төніп тұрған археологиялық қорғандарға қазба жұмыстарын жүргізу)	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде (жыл сайын 10,0)	ЖБ
72-2.	Облыс аумағындағы ескерткіштерге ғылыми-зерттеу, археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу (жойылу қаупі төніп тұрған қорғандар, ежелгі мекендердің қорғау-құтқару жұмыстарын жүргізу)	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ

»;

«Әдебиет, кітап шығару және кітапхана ісі» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 76-1, 76-2 76-3, 76-4, 76-5 және 76-6 - жолдармен толықтырылсын:

«

76-1.	«Ақтөбе өңірінің әдеби ан-тологиясы» (XV ғасырдан бастан бүгінге дейін) вирту-алды электронды кітапхана блогын жүргізу	МСМ-ге ақпа-рат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018-2019 жыл-дар	-	қар-жы та-лап етіл-мей-ді
76-2.	«Жыр жаза-мын жүрегіммен» республикалық ақындар конкурсын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,7)	ЖБ
76-3.	«Өлкетану қорын цифрлық форматқа көшіру: толық мәтінді мәліметтер база-сын жасақтаудың қазіргі жағдайы мен келешегі» республикалық конферен-циясын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (1,0)	ЖБ
76-4.	Мағжан Жұмабаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Мағжан.kz» тарихи-әдеби порта-лын құру	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (1,2)	ЖБ
76-5.	«Тұлға», «Ұлы есімдер – ұрпақ жадында» және «Ақмола облысы ауылдарының энцикло-педиясы» инновациялық жобалары аясында электрондық CD-дискілер шығару	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2019 жыл	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ
76-6.	«Жас тұлпар» инновациялық әдеби жобасының аясын-да Ақмола облысы жас ақындарының кітабын шығару	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (1,0)	ЖБ

»;

«Бейнелеу өнері, дизайн және сәулет өнері» деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 79-1, 79-2 және 79-3-жолдармен толықтырылсын:

«

79-1.	«Plein Air Aktobe» халықаралық кескіндеме симпозиумын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ
79-2.	Ақтөбе облысының қолөнер шеберлерінің орталығын ашу мәселесін пысықтау	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018-2019 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ
79-3.	Бурабайда Солтүстік өңірі суретшілерінің «Қылқалам шебері» пленэрін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (0,2)	ЖБ

»;

«Театр, цирк, хореография, музыка және орындаушылық өнер» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 81, 82, 83, 84, 85, 92, 93, 94, 95 және 96-2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

81.	«Елім менің» республикалық патриоттық әндер конкурсын өткізу	республикалық конкурс өткізу	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 9,6; 2016 жылы – 9,4; 2017 жылы – 7,7; 2018 жылы – 9,4)	РБ 033-105
82.	«Тәуелсіздік толғауы» республикалық конкурсын өткізу	республикалық конкурс өткізу	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 25,0; 2016 жылы – 24,4; 2017 жылы – 22,6; 2018 жылы – 23,1)	РБ 033-105
83.	Шәмші Қалдаяқов әндерінің халықаралық фестивалін өткізу	халықаралық фестиваль өткізу	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 17,6; 2016 жылы – 14,7; 2017 жылы – 33,6)	РБ 033-105
84.	«Опералия» халықаралық фестивалін өткізу	халықаралық фестиваль өткізу	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 106,8; 2016 жылы – 85,9; 2017 жылы – 35,7)	РБ 033-105
85.	Республикалық ақындар айтысын өткізу	республикалық айтыс өткізу	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 9,2; 2016 жылы – 9,3; 2017 жылы – 18,6; 2018 жылы – 9,3)	РБ 033-105

»;

«

92.	«Өнеріміз саған – Қазақстан!» республикалық фестивалін өткізу	республикалық фестиваль өткізу	МСМ	2015 жыл, 2017 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 11,2; 2017 жылы – 2,5)	РБ 033-105
93.	Қазақстан халқы Ассамблеясының аясында Қазақстанның ұлттық (этностық) театрларының республикалық фестивалін өткізу	республикалық фестиваль өткізу	МСМ	2015 жыл, 2017 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 22,9; 2017 жылы – 25,3)	РБ 033-105
94.	ШЫҰ, ТҮРІКСОЙ және ЕАӘҚ іс-шараларды өткізу	іс-шараларды өткізу	МСМ	2015 – 2018 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 20,5; 2016 жылы – 28,5; 2017 жылы – 23,0; 2018 жылы – 25,4)	РБ 033-105
95.	Қазақстанның драма театрларының республикалық фестивалін өткізу	республикалық фестиваль өткізу	МСМ	2015 – 2018 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 23,0; 2016 жылы – 15,6; 2017 жылы – 15,6; 2018 жылы – 15,3)	РБ 033-105

»;

«

96-2.	«Текті сөздің төресі – терме» республикалық конкурсын өткізу	конкурс өткізу	МСМ	2016-2018 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2016 жылы – 9,03; 2017 жылы – 8,06; 2018 жылы – 7,6)	РБ 021-000

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 96-3, 96-4, 96-5, 96-6, 96-7, 96-8, 96-9, 96-10, 96-11, 96-12, 96-13, 96-14, 96-15, 96-16 және 96-17-жолдармен толықтырылсын:

«

96-3.	«Жұбановтар әлемі» халықаралық фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде (20,0)	ЖБ
96-4.	«Жібек жолы» республикалық эстрадалық әндер конкур-сын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (8,0)	ЖБ
96-5.	«Ассалаумағалейкум» халықаралық қуыршақтар театры фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (6,2)	ЖБ
96-6.	«Ел есінде екі алып» Қуандық Шаңғытбаев және Тахауи Ахтановтың республикалық әдеби фестивалі аясында іс-шаралар өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ
96-7.	Танымал қүйші Б.Басығараның 90 жылдығына арналған «Аққелен» республикалық күйшілер конкурсын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ
96-8.	Н.Тапалова атындағы «Назерке» халықтық хореографиялық би ұжымдарының конкур-сын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ
96-9.	«Едіге» дастанының 700 жылдығына арналған республикалық жыршы-жыраулар конкурсын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ
96-10.	«Осень Синегорья» халықаралық театр фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (5,0)	ЖБ
96-11.	«Көкшетау - тал бесігім» инновациялық жоба-сын іске асыру аясын-да халықаралық музыка фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жыл - 3,2; 2019 жыл - 3,4)	ЖБ
96-12.	«Ғасырлар үні» инновациялық жоба-сын іске асыру ая-сында халықаралық фольклорлық-этнографиялық фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 – 2019 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жыл-2,4; 2019 жыл - 2,5)	ЖБ
96-13.	«Гәккулеткен, аққу жеткен Көкшетау» инновациялық жобасын іске асыру ая-сында республикалық дәстүрлі әншілер фестивалін өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жыл - 2,6; 2019 жыл - 2,6)	ЖБ
96-14.	Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Иманжүсіп Құтпанұлының әндерін орындаушылар дың «Арқа әуендері» атты өңіраралық конкур-сын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (2,0)	ЖБ
96-15.	«Биле, жастық» республикалық би фестивалі	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (1,1)	ЖБ
96-16.	«Бурабай толқындары» республикалық телевизия конкурсын өткізу	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (4,7)	ЖБ
96-17.	Мектеп оқушылары ара-сында «Бала акын-жас дарын» атты облыстық айтыс	МСМ-ге ақпарат	Ақмола облысының әкімдігі	2018 – 2019 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жыл - 0,8; 2019 жыл - 0,83)	ЖБ

»;

«Қазіргі заманғы мәдени кеңістіктің ең маңызды кластері ретінде киноиндустрияны дамыту» деген кіші бөлім:

реттік нөмірлері 97, 98 және 99- жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

97.	«Еуразия» халықаралық кинофестивалін өткізу	халықаралық кинофестиваль өткізу	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 157,7; 2016 жылы – 157,7; 2017 жылы – 892,7)	РБ 033-105
98.	«А» класындағы шетелдік халықаралық кинофести-вальдарға қазақстандық фильмдердің қатысуы	«А» класындағы шетелдік халықаралық кинофестивальдардың бағдарламаларында қазақстандық фильмдерді көрсету	МСМ	жыл сайын	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 7,4; 2016 жылы – 5,4; 2017 жылы – 4,8; 2018 жылы – 3,9)	РБ 033-105
99.	Шетелде және Қазақстанда қазақстандық кино күндерін өткізу	шетелдерде және Қазақстанда қазақстандық киноларды көрсету	МСМ	2015 – 2018 жыл-дар	көзделген қаражат шеңберінде (2015 жылы – 13,0; 2016 жылы – 7,3; 2017 жылы – 6,5; 2018 жылы – 6,6)	РБ 033-105

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 101-1, 101-2 және 101-3-жолдармен толықтырылсын:

«

101-1.	Ақтөбе облысында ки-ностудия ашу мәселесін пысықтау	МСМ-ге ақпарат	Ақтөбе облысының әкімдігі	2019 жыл	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ
101-2.	Компьютерлік анимация саласын дамыту бойынша шараларды пысықтау	ПМК -ге ақпарат	МСМ, ҚМ	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде	РБ 033-104
101-3.	Компьютерлік анимация саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018 жыл	-	қаражат талап етпейді

»;

«Мәдени-туристік кластерлер» деген 3-бөлімде:

«Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» кластері» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 108, 109, 110, 111, 112 және 113-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

108.	«Алма fest» фестивалін ұйымдастыру және өткізу	МСМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ
109.	«Оркестрлер фестивалі» фестивалін ұйымдастыру және өткізу	МСМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ
110.	«Ұлы дала рухы» фестивалін ұйымдастыру және өткізу	МСМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ
111.	«Gakku дауы-сы» фестивалін ұйымдастыру және өткізу	МСМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ, демеу-шілік қаражат
112.	«The Spirit of Tengri» фестивалін ұйымдастыру және өткізу	МСМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ, демеу-шілік қаражат
113.	«Star of Asia» фестивалін ұйымдастыру және өткізу	МСМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі	жыл сай-ын	көзделген қаражат шеңберінде	ЖБ, демеу-шілік қаражат

»;

«Табиғат пен көшпенді мәдениет тұтастығы» кластері» кіші бөлімде:

реттік нөмірі 118-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

118.	Торғайдағы Жангелді музей кешенін жөндеу, Қостанай облысы Жангелді ауданы	МСМ-ге ақпарат	Қостанай облысының әкімдігі	2018 жыл	112,8	ЖБ

»;

реттік нөмірлері 124 және 125-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру» деген 4-бөліммен толықтырылсын:

«

4. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру						
Қазақстанның киелі географиясы						
149.	Қазақстанның киелі жерлері туралы эн-циклопедияны (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) шығару	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018-2019 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 16,0; 2019 жылы – 16,0)	РБ 033-107
150.	«Қазақстанның киелі географиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конфе-ренция өткізу	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2019 жыл	31,6	РБ 033-107
151.	Ақпараттық қорларда танымал ету үшін жалпыхалықтық тізімге енген объектілердің 3D моделін жасау	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018-2019 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 1598,9; 2019 жылы – 1598,9)	РБ 033-107
152.	«Қазақстанның киелі географиясы» кар-тасына енгізілген объектілерді инфрақұрылымды да-мыту арқылы рестав-рациялау бойынша жұмыстар жүргізу	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018-2019 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 401,2; 2019 жылы – 456,4)	РБ 033-107
153.	Киелі объектілер аумағында Сапар орталықтар құрылысын салу	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018-2019 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 1158,3 2019 жылы – 187,6	РБ 033-107
154.	Киелі объектілер тура-лы ғылыми-танымал деректі фильмдерді түсіру	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018 жыл	көзделген қаражат шеңберінде (62,8)	РБ 033-104
Жаһандану әлеміндегі заманауи мәдениет						
155.	Мәдениет туын-дыларын шетелдік аудиторияға шығару үшін дайындау, аудару және бейімдеу бойын-ша шаралар кешенін өткізу	ПМК -ге ақпарат	МСМ	2018-2019 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 2230,2; 2019 жылы – 1506,8)	РБ 006, 033-103, 033-104, 033-105, 033-106, 033-107, 033-108, 033-116, 041
156.	Шетелде «Жаһандық әлемдегі заманауи мәдениет» жобасы аясында мәдени іс-шаралар өткізу	гастроль-дер, мәдениет күндері, көрмелер	МСМ	2018-2019 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде (2018 жылы – 3385,7; 2019 жылы – 2941,6)	РБ 033-105, 106, 107

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 28 ақпан №75 Астана қаласы

«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 маусымдағы №559 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 20) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14170 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат:

1) бірінші санат үшін – жұмыс берушінің өтініші негізінде рұқсат мерзімін бір, екі немесе үш жылға ұзарту құқығымен бір, екі немесе үш жыл;

2) екінші және үшінші санаттар үшін – он екі ай мерзімге, бірақ үш реттен артық емес ұзартумен он екі ай;

3) төртінші санат үшін – ұзарту құқығынсыз он екі ай;

4) маусымдық шетелдік жұмыскерлер үшін – ұзарту құқығынсыз он екі айға дейінгі мерзімге беріледі.»;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшасы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) 2) 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б. Әлтаевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М.ӨБІЛҚАСЫМОВА

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 28 ақпандағы №75 бұйрығына қосымша

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарына 4-қосымша

нысан

Қайда _____
(облыстың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының атауы)
Кімнен _____
(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

_____ облысына (қаласына) _____ адамға, оның ішінде:
бірінші санат бойынша – ____ адамға,
олардың ішінде лауазымдары
(кәсіптері) бойынша: _____
екінші санат бойынша – ____ адамға,
оның ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша (рұқсаттың қолданылу мерзімін көрсету қажет (рұқсат берілген/ұзартылған кезде): _____
үшінші санат бойынша – ____ адамға,
оның ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____
төртінші санат бойынша – ____ адамға,
оның ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____
маусымдық жұмыстарға – ____ адамға шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруді/ ұзартуды/ қайта ресімдеуді (қажеттінің асты сызылсын) сұраймын.
Шетелдік жұмыс күші еңбек қызметін жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі: _____.
Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын шетелдік жұмыскерлерді тартқан кезде:
Облыс (қала):_____.
Шетелдік жұмыскерлер саны: _____ адам, оның ішінде:
басшы – ___ адам,
лауазымы _____;
менеджерлер – ___ адам,
оның ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____
мамандар – ___ адам,
оның ішінде лауазымдары (кәсіптері) бойынша: _____
Жұмыс берушінің (қабылдаушы ұйымның) атауы: _____
Жұмыс беруші (қабылдаушы ұйым) туралы мәліметтер: _____
Ұйымның меншік нысаны _____
Құрылған күні 20___ жылғы «____» _____.
Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелгені туралы куәлік _____
(нөмірі, қашан және кім берген)
жеке сәйкестендіру нөмірі: _____,
бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____
Жүзеге асыратын қызмет түрі: _____
Кәсіпкерлік субъектісінің санаты: _____
(шағын/орта/ірі кәсіпкерлік субъектісі)
Мекенжайы, телефон, факс: _____
Қоса берілетін құжаттар: _____
Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру/ұзарту/қайта ресімдеу қажеттілігінің негіздемесі: _____
Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік жұмыскерлерді тартқан кезде
Шетелдік заңды тұлғаның – жұмыс берушінің толық атауы: _____
Резидент елде тіркелгені туралы деректер: _____
(мемлекеттік тіркеу №, күні және тіркеу органының атауы)
Резидент елдегі салықтық тіркеу нөмірі немесе оның аналогі: _____
Жүзеге асыратын қызмет түрі: _____
Резидент елдегі мекенжайы, телефоны: _____
Шетелдік жұмыс күшін тарту қажеттілігінің негіздемесі: _____
Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарының 31-тармағына сәйкес шетелдік жұмыскерлерді тартқан кезде:
Шетелдік заңды тұлға – жұмыс берушінің толық атауы: _____
Резидент елде тіркелгені туралы деректер: _____
(мемлекеттік тіркеу №, күні және тіркеу органының атауы)
Резидент елдегі салықтық тіркеу нөмірі немесе оның аналогі: _____
Жүзеге асыратын қызмет түрі: _____
Резидент елдегі мекенжайы, телефоны: _____
«Қолданыстағы Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс кү

(Соңы. Басы 13-бетте)

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 10 (он) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау жедел қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібінде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жүзеге асырылады, жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетіледі, электрондық кезекті «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы броньдауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілі құзыретін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін) бойынша Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасаған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесі:

1) екінші деңгейдегі банктің жобаға қатысуы тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру кезінде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру туралы өтінішті;

құрылыс салушының республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы құрылыста жалпы алаңы кемінде он сегіз мың шаршы метр және өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердегі құрылыста кемінде тоғыз мың шаршы метр тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) құрылысының объектілерін өткізу, оның ішінде тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер) ретінде жиынтығында кемінде үш жыл тәжірибесін растайтын объектіні пайдалануға қабылдау актісі;

мемлекет берген уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен немесе меншік құқығымен тиесілі жер учаскесіне арналған акті («Жылжымайтын мүлік тіркелемінің» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде);

кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысымен тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылысы жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы.

2) тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру кезінде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру туралы өтінішті;

салынған объектілердің тәжірибесін растайтын объектіні пайдалануға қабылдау соңғы бес жыл бойы, оның ішінде тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер) ретінде республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы құрылыс кезінде жиынтығында жалпы алаңы кемінде алпыс мың шаршы метр және өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердегі құрылыс кезінде кемінде отыз мың шаршы метр тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) Қазақстан Республикасының аумағында салуға және объектіні пайдалануға қабылдау актісі. Бұл ретте құрылыс салушының еншілес ұйымдарының жиынтық тәжірибесі есепке алынады.

мемлекет берген уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен немесе меншік құқығымен тиесілі жер учаскесіне арналған акті («Жылжымайтын мүлік тіркелемінің» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде);

кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысымен тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылысы жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы;

тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасының аяқталған құрылысының болуы туралы инжиниринг компаниясының есебі;

инжиниринг компаниямен шарт.

Көрсетілген құжаттармен бірге көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға олардың көшірмелерін ұсынады. Салыстырып тексеруден кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, мемлекет берген уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен немесе меншік құқығымен тиесілі жер учаскесінің болуы туралы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі көзделмесе, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттары қабылдау кезінде мәліметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпиялары құрайтын пайдалануға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде Мемлекеттік корпорация тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілі құзыретін растайтын құжат бойынша занды тұлға нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін кемінде бір тәулік бұрын жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

10. Мыналар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) анық емес екенінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 352 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 14188 тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызмет алушыға қатысты белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда веб-порталы арқылы пошта бойынша немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мәртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылданғанын растау оны тіркеу (мәртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымды веб-портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» шағым туралы ақпарат алуға болады, оны мемлекеттік органда өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі жасау, қарау немесе қараудан бас тарту нәтижелер бойынша жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде немесе Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік корпорациялар арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің – www.mid.gov.kz, «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі, «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.

«Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

нысан

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бар көрсетілетін қызметті берушінің бланкісі)

Үлескерлердің ақшасын тартуға
№ ___ рұқсат

_____ 20__ ж. «___» _____
(орналасқан жері)

Осы рұқсат
_____
_____
(жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, орналасқан жері)

бойынша орналасқан, ауданы _____, _____қабатты тұрғын үй
(тұрғын ғимарат) салу үшін_____
_____
(құрылыс салушы және уәкілетті компанияның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

үлескерлердің ақшасын тартуға берілді.

Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес объектіні пайдалануға енгізу мерзімі 20__ жылғы «___» _____.

Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат объектіні пайдалануға беру мерзіміне дейін заңды күшінде болады.

Әкім (Әкімнің орынбасары)
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

«Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

нысан

_____
(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)
әкімі_____
(тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда)

Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру туралы өтініш

_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың деректемелері, байланыс телефоны, заңды тұлғаның атынан әрекет ететін жеке тұлға – өтініш берушінің мекенжайы)

_____
(заңды тұлғаның атынан осы өтінішті беруге өтініш берушінің өкілеттіктерін растайтын, _____
_____ нотариалды немесе өзге жолмен куәландырылған құжатқа сілтеме)
_____
(өтініш берушінің жұмыс орны және лауазымы,
_____
тұрғылықты жері, заңды мекенжайы)
_____
(орналасқан жері, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі)

бойынша орналасқан, ауданы _____, _____қабатты тұрғын үй (тұрғын ғимарат) салу үшін үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беруіңізді сұраймыз.

Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес объектіні пайдалануға беру мерзімі 20__ жылғы «___» _____.

Өтініш берушілер мен осы өтінішті берген заңды тұлғаның бірінші басшылары өтінішке қоса берілген құжаттардың шынайылығына, сондай-ақ осы өтінішті қарауға байланысты сұрау салынатын ақпараттың жергілікті атқарушы органға уақтылы ұсынылуына толық жауап береді.

Қосымша (жіберілетін құжаттардың атауы жазылған тізбені, даналар санын және олардың әрқайсысының парақ санын көрсету керек):

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____ 20 __ жылғы « __» _____

_____
(Құрылыс салушының қолы, күні)
_____
(Уәкілетті компанияның қолы, күні)

«Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

нысан

_____
_____
(құрылыс салушы және уәкілетті компанияның толық атауы)
_____
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы
қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының №__ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік қызмет көрсетуге (Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:
1) _____
2) _____
3) . . .
Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.
_____ _____
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)
(мемлекеттік корпорациясы қызметкері)

Орындаушы: (Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)) _____
Телефоны _____
Алдым: _____
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)) көрсетілетін қызметті алушының қолы
20 __ жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы №12 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы №387 бұйрығына 2-қосымша

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 6 (алты) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қадылдау жедел қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібінде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жүзеге асырылады, жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетіледі, электрондық кезекті «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы броньдауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілі құзыретін растайтын құжат және жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін) бойынша Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасаған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажет құжаттардың тізбесі:

1) Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартқа(-тарға) өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы шартты / қосымша келісімді талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке қою / шартты есептен шығару туралы өтініш;

2) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының тұрғын үй құрылысына кепілдік беруі туралы шартты немесе жергілікті атқарушы органның үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру туралы шешімі;

3) Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың, Шартқа қосымша келісімнің (болған жағдайда) түпнұсқасы.

Көрсетілген құжаттармен бірге көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға олардың көшірмелерін ұсынады. Салыстырып тексеруден кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі көзделмесе, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттары қабылдау кезінде мәліметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпиялары құрайтын пайдалануға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде Мемлекеттік корпорация тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілі құзыретін растайтын құжат бойынша занды тұлға нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін кемінде бір тәулік бұрын жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

10. Мыналар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) анық емес екенінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің «Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 434 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 14311 тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызмет алушыға қатысты белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда веб-порталы арқылы пошта бойынша немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мәртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымның Мемлекеттік корпорация кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мәртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Шағымды веб-портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» шағым туралы ақпарат алуға болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі жасау, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, тиісті жергілікті атқарушы органның кеңсесінде немесе Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік корпорациялар арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің – www.mid.gov.kz, «Мемлекеттік қызметтер» тарауы, «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» тарауы;

2) Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

нысан

Шартты (-тарды)/шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімді есепке қою туралы/шартты есептен шығару туралы үзінді

Құрылыс салушы және уәкілетті компания туралы мәліметтер (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және заңды/нақты мекенжайы)	Құрылыс объектісі туралы мәліметтер (орналасқан жері, объектінің техникалық сипаттамасы)	Құрылысты бастау және аяқтау мерзімі туралы мәліметтер	Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорымен жасалған шарт/ Үлескердің ақшасын тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсаты	Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың нөмірі және күні	Үлескер туралы мәліметтер (Т.А.Ә. (болған жағдайда) төлқұжат, жеке куәлік деректері)	Үлескердің үлесі туралы мәліметтер (үй-жайдың түрі, алаңы, қабаты, патер нөмірі және т.б.)	Шарт бойынша құқықтарды басқаға беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәліметтер (нөмірі және күні)	Шартты бұзу/ есептен шығару (нөмірі, күні және негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

нысан

Әкімі
(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
_____
(заңды тұлғаның толық атауы,
_____
заңды тұлғаның атынан әрекет ететін
жеке тұлғаның Т.А.Ә.)
_____
(жеке тұлғаны куәландыратын
_____
құжат деректемелері
_____
байланыс телефоны, мекенжайы)

Шартқа(-тарға) өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы шартты қосымша келісімді / талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке қою / шартты есептен шығару туралы
ӨТІНІШ

Ұсынылған құжаттардың негізінде Сізді тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды есепке алу журналына жазба енгізіп, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты/шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімді/талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шартты есепке алуды/ шартты есептен шығаруды сұраймыз (қажеттісін таңдау).

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____ 20 __ жылғы « __» _____

Уәкілетті компанияның атауы
_____/_____/20____ ж. «_____» _____
Қолы уәкілетті өкілдің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

нысан

_____
_____
(құрылыс салушы және уәкілетті компанияның толық атауы)
_____
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы
қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының №__ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік қызмет көрсетуге (Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:
1) _____
2) _____
3) . . .
Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.
_____ _____
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)
(мемлекеттік корпорацияның қызметкері)

Орындаушы: (Тегі

(Соңы. Басы 14-бетте)

4) бүкіл вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару;
5) авариялық, құрғаған, жасамыс ағаштарды және бұталарды санитариялық кесу, ұшарбасты қалыптастыру;
6) тыңайтқыштар салу;
7) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу.»;
9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Ағаштарды жасарту және қалың өскен ағаштарды сирету іс-шаралар вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.»;
17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«17. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау бойынша қызмет көрсетуді, сондай-ақ жалпыға ортақ жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдар жүзеге асырады.»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларында:
3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;»;
мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:
«5-1. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген аумақтардағы абаттандыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды жинау және күтіп-ұстау қызмет көрсетудің мынадай түрлерін қамтиды:
1) ұсақ және тұрмыстық қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;
2) ірі көлемді қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;
3) сыпыру;
4) қамысты, қурайды, шөптерді және басқа да жабайы өсімдіктерді шабу және шығару;
5) қоршаулар мен шағын сәулет нысандарын ағымдағы жөндеу және сырлау.»;
32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«32. Аландардың саны, орналасуы мен жабдықталуы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес болуы тиіс.».
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
_____ Қ.Бозымбаев
2018 жылғы « »_____

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы
_____ М. Досмұхамбетов
2018 жылғы 19 қаңтар

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16308 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 19 қаңтар №41 Астана қаласы

Жеңіл және жиһаз өнеркәсібі тауарларының үлгілік конкурстық құжаттамасын бекіту туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 7) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**
1. Қоса беріліп отырған Жеңіл және жиһаз өнеркәсібі тауарларының үлгілік конкурстық құжаттамасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
_____ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 24 қаңтар

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы №41 бұйрығымен бекітілген

Жеңіл және жиһаз өнеркәсібі тауарларының үлгілік конкурстық құжаттамасы*

_____
(тапсырыс берушінің (бірыңғай ұйымдастырушының) толық атауы
_____
(конкурстық құжаттаманы бекіткен адамның Т.А.Ә.)

Шешім № _____ Күні_____

Конкурстық құжаттама

_____
(сатып алу мәнінің түрі)
_____
(конкурстың атауы)
Тапсырыс беруші (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) _____
_____
(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің өкілі (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) _____
_____
(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Ұйымдастырушы (бірыңғай ұйымдастырушы) _____
_____
(атауы, орналасқан жері)
Өтінімді қамтамасыз етуді енгізу үшін банк деректемелері
_____
(ұйымдастырушының БСН және ұйымдастырушының банк шоты)
Ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) өкілі _____
_____
(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)
Конкурстық комиссияның хатшысы _____
_____
(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Конкурс қоса берілген лоттардың тізбесіне сәйкес өнім беруші (лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.
2. Осы конкурстық құжаттама (бұдан әрі – ҚҚ) мыналарды:
1) осы ҚҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес лоттардың тізбесін (бекітілген жылдық жоспар негізінде қалыптастырылады);
2) осы ҚҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес, сатып алынатын жеңіл және жиһаз өнеркәсібі тауарларының сипаты мен талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын қамтиды.
3) конкурсқа қатысуға келісім;
4) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 4-тармағына сәйкес неғұрлым сапалы тауарды ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау мақсатында конкурстың қатысушысын айқындау кезінде конкурстық комиссия ескеретін міндетті өлшемшарттардың тізбесін қамтиды;
5) тауарды мемлекеттік сатып алу бойынша осы конкурс үшін бөлінген сома _____ теңгені құрайды.
Осы конкурс үшін бөлінген сома лоттар бөлінісінде мынаны құрайды:

лот №	Тауардың атауы	Лот бойынша бөлінген сома (теңге)
{лот №}	{тауардың атауы}	{лот бойынша бөлінген сома}

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен қоса тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді төменде келтірілген нысандардың бірінде енгізеді:
1) мынадай банктік шотқа орналастырылатын ақшаның кепілді ақшалай жарнасын: ұйымдастырушының атауы, БСН, банк деректемелері;
2) электрондық көшірмесін мемлекеттік сатып алу веб-порталында (бұдан әрі веб-портал) орналастырыла отырып, қағаз жеткізгіштегі не электрондық құжат нысанындағы банк кепілдігі. Электрондық көшірмесін мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырыла отырып, қағаз жеткізгіштегі банк кепілдігі ұсынылған жағдайда қағаз жеткізгіштегі банк кепілдігінің түпнұсқасы конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың соңғы мерзіміне дейін ұйымдастырушыға ұсынылады.
3) осы ҚҚ-ға 2-қосымшада көрсетілген құжаттардың көшірмесі.
4. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің өз мерзімінен кем болмауға тиіс.

* Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, ұйымдастырушы немесе тапсырыс беруші тарапынан конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру, әлеуетті жеткізушілердің тендерге қатысуға өтінімдердің тіркеу және ресімдеу, конкурсқа қатысуға өтінімдер беру, конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды қайтарып алу, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру және конкурстың жеңімпазын анықтау, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару, конкурс қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу тәртібі, әлеуетті жеткізушілерге жұмыс тәжірибесі бойынша қойылатын талаптарды көздейтін конкурстық құжаттаманың ережесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12590 болып тіркелген) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымша болып табылатын Конкурстық құжаттаманың ережелеріне сәйкес ресімделеді.

Конкурстық құжаттамаға 1-қосымша

Лоттар тізбесі (бекітілген жылдық жоспар негізінде қалыптастырылады)
Конкурстың № _____
Конкурстың атауы_____

Лоттың №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауардың атауы*	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Жеткізу шарты (Incoterms 2010-ға сәйкес)	Тауарларды жеткізу мерзімі	Тауарларды жеткізу орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Лот бойынша бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

* Тауарлардың, толық сипаты мен сипаттамасы техникалық ерекшеліктерде көрсетіледі.

Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша

Конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық сипаттамасы

Конкурстың № _____
Конкурстың атауы _____
Лоттың № _____
Лоттың атауы _____

№	Техникалық ерекшелік талаптары	Сипаты
1	Тауардың функционалдық сипаттамалары *(негізгі функциясы, мақсаты, пайдалануы, тауарды қолдану саласы көрсетіледі)*	
2	Тауардың техникалық сипаттамалары *(материалдардың, тетіктердің және т.б. толық сипаты, соның ішінде матаның немесе басқа да материалдардың, фурнитураның түсі, түрі, және т.б. көрсетіледі)*	
3	Тауардың сапалық және пайдалану сипаттамалары *(тауардың сапалық және пайдалану сипаттамалары (тауардың қажет етілетін қызмет ету мерзімі, тауарға кепілдіктің болу қажеттілігі және т.б.көрсетіледі)*	
4	Тауар туралы өзге де мәліметтер *(Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары (бар болғанда) және тауар туралы өзге де мәліметтер, соның ішінде нормативтік-техникалық құжаттар, қажетті ерекшеліктер, жоспарлар, сызбалар, эскиздер, олар бар болғанда) көрсетіледі)*	
5	Әлеуетті өнім берушінің өндірістік ресурстарына қойылатын талап (Тауарды жасау кезінде пайдаланылатын меншік немесе жалдау құқығындағы өндірістік үй-жайлардың болуын растайтын құжаттарды, (мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырылған күннен кейін берілген көрсетілген мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама және (немесе) 1 жылдан кем емес мерзімге жалдау шарты және өндірістік алаңдарды қабылдау және тапсыру актісі) ұсыну туралы талап көрсетіледі)	
6	Тауарды жасау кезінде пайдаланылатын өзіндік/жалға алынған өндірістік және (немесе) технологиялық жабдықтардың болуы туралы талап *(өзіндік/жалға алынған өндірістік және (немесе) технологиялық жабдықтар туралы мәліметтерді міндетті түрде беру жөніндегі талаптарды көрсету қажет (тауарды жасау үшін пайдаланылатын техникалық құжаттама қоса берілген жабдықтардың тізімі), меншік құқығын растаушы құжаттар, егер жалға алынған болса кімнен көрсетілсін және жалға берушінің меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін)*	
7	Сәйкестікті растау жөніндегі аккредителген орган берген, өндірістің жай-күйінің талдауын қоса бере отырып, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес сериялық өндіріске сәйкестік сертификатының болуы/болмауы туралы талап	
8	Тауарды тапсырыс берушіге жеткізу кезінде қажетті ілеспе қызметтерге және олар жүргізілетін орынға қойылатын талап *(қажет болған жағдайда тауарларды монтаждау, тексеру және сынау үшін қосымша талаптар және т.б. көрсетіледі)*	

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16339 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 22 қаңтар №42 Астана қаласы

Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**
1. Қоса беріліп отқан жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.
2. Мыналардың:
1) «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 281 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 8818 нөмірімен тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2014 жылғы 15 қаңтарда № 8 (28232) жарияланды);
2) «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 18 қарашадағы № 899 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 8962 нөмірімен тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2014 жылғы 10 сәуірде № 69 (28293) жарияланды) күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Кадр жұмысы департаменті:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Жауапты хатшысына жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы №42 бұйрығымен бекітілген

Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

№	Дербес деректердің атауы
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (болған жағдайда)
4	Тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы мәлімет (болған жағдайда)
5	Тегі мен атының транскрипциясы
6	Туу туралы мәліметтер: туған күні, айы, жылы; туған жері;
7	Ұлты
8	Жынысы
9	Жеке куәлік құжатының деректері: құжаттың атауы; нөмірі; берген күні; қолданылу мерзімі; құжатты берген орган;
10	Азаматтығы туралы деректер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы); Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын алу негізі; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу негізі; Қазақстан Республикасының азаматтығын қайта алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын қайта алу негізі
11	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
12	Портреттік бейнесі (цифрланған суреті)
13	Қолы
14	Тұрғылықты мекенжайы
15	Байланыс телефондарының нөмірлері
16	Электронды поштаның мекенжайы
17	Заңды мекенжайы, заңды мекенжайын тіркеген (тіркеуден шығарған) күні
18	Еңбек кітапшасы туралы мәліметтер: нөмірі; сериясы; берген күні; ондағы жазбалар;
19	Мемлекеттік және ведомстволық наградалар, грамоталар, алғыс хаттар туралы мәлімет; Награда атауы немесе аты; Марапаттау туралы нормативтік актінің күні мен түрі
20	Медициналық қорытындылардың нәтижелері туралы мәлімет
21	Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік мәртебе туралы мәліметтер: жеңілдіктер мен мәртебені ұсыну үшін негіз болып табылатын құжатты берген органның атауы; құжат, сериясы, нөмірі, берілген күні; мүгедектік себебі, мүгедектік тобы; Семей сынақ ядролық полигонында ядролық сынақ салдарынан жапа шеккенге жеңілдіктер құқығын растайтын куәлік; Арал маңы экологиялық апаты салдарынан жапа шеккенге жеңілдіктер құқығын дәлелдейтін куәлік
22	Ағымдағы уақыттағы еңбек қызметі туралы деректер: лауазымының, құрылымдық бөліністің, ұйымның, оның атауын толық көрсету; жалпы және үздіксіз еңбек өтілі; мекенжайлары және телефондары, сондай-ақ оларда бұрын атқарған лауазымының толық атауын және осы ұйымдарда жұмыс істеген уақытын көрсете отырып, басқа ұйымдардың деректемелері
23	Білімі, біліктілігі және арнайы атақтарының немесе арнайы даярлығының барлығы туралы мәлімет: оқу орнына түскен күні (оқу орнынан шыққан күні); дипломның, куәліктің, аттестаттың немесе білім беру мекемесін бітіргені туралы басқа да құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; факультеті немесе бөлімшесі, білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы; ғылыми деңгейі; ғылыми атағы; шетел тілдерін білу
24	Біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер: біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы
25	Жеке табыс салығы мен мүлік бойынша декларация тапсырылғаны туралы мәліметтер
26	Әскери міндетті адамдарды және әскери қызметке шақыруға жататын адамдарды әскери есепке алу туралы мәліметтер: әскери билеттің сериясы, нөмірі, берілген (тапсырған) күні; әскери билетті берген органның атауы; әскери есепке алу мамандығы; әскери атағы; есепке алу/шығару туралы деректер; әскери қызметтен босату негізі
27	Жаңұялық жағдайы туралы мәлімет: тұрмыста бар-жоғы; неке қию туралы куәлік деректері; неке бұзу туралы куәлік деректері; жұбайының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда); жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; туыстық деңгейі; отбасының басқа мүшелерінің, қарауындағы адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және туған күндері; балаларының (оның ішінде асырап алған, қарауындағы) бар-жоғы және олардың жасы
28	Соттылығының болуы (болмауы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16320 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 24 қаңтар №48 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидаларын бекіту туралы

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 1) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**
1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қаңтардағы №48 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың дактилоскопиялық ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
1) уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
2) теңізшінің жеке куәлігі (бұдан әрі – ТЖК) - теңіз кемесінің бортында (әскери корабльді қоспағанда) оның экипажының құрамында, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын аралас (өзен-теңіз) жүзетін кеменің бортында жұмыс істейтін құжат иесінің, практикадан өту үшін кемелерге жіберілетін және оқу орнында білім алушының жеке басын куәландыратын құжат;
3) ТЖК-ні дайындау, беру және бақылау пункті – ТЖК-ні беруге өтініш қабылдау, өтініш берушінің биометриялық деректерін алып тастау, ТЖК-ні дербестендіру, ТЖК-ні тексеру және беру, берілген ТЖК-ні есепке алу және дактилоскопиялық ақпарат дерекқорына мәліметтер беру, ТЖК бланкілерін есепке алу бойынша функцияларды жүзеге асыратын пункт;
4) үйлестіру орталығы – Қазақстан Республикасында берілген ТЖК-нің тұпнұсқалығына қатысты шет мемлекеттердің иммиграциялық қызметтерінен немесе басқа да құзыретті органдарынан келіп түсетін сұрау сұрауларды өңдеуді жүзеге асыратын орталық;
5) дактилоскопиялық ақпарат дерекқоры (бұдан әрі – дерекқор) – Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған адамдардың биометриялық дерекқоры.
3. ТЖК ақпараттық жүйесі теңіз кілті саласындағы уәкілетті органда ТЖК-ні дайындау, беру және бақылау процестерін кешенді автоматтандыруға арналған, ол бірыңғай ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым негізінде ТЖК-ні дайындау, беру және бақылау пункті мен үйлестіру орталығы арасындағы ақпараттық өзара іс-әрекетті жүзеге асырады.
4. Дерекқордың жұмыс істеуі ТЖК ақпараттық жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібі

5. Дерекқорды Порттың теңіз әкімшілігі ТЖК-ні дайындау, беру және бақылау пунктінде қалыптастырады және жүргізеді.
6. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу мыналарды қамтиды:
1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 863 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ТЖК-ні беру туралы өтініш-сауалнамада көрсетілген өтініш берушінің сауалнама деректерін және қол саусақтарының таңбасын сканерлеу арқылы биометриялық деректерін енгізу;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТЖК-ні ауыстыру (жаңасын беру) және тапсыру барысында дерекқордағы мәліметтерді жаңарту;
3) биометриялық деректерді ТЖК-да штрих-код түрінде сақтау.
7. Дерекқор электронды түрде қалыптастырылады және жүргізіледі. Дерекқорды жүргізу дерекқорға санкцияланбаған қол жеткізуді болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.
8. Дерекқордан сыртқы жүйелерге биометриялық деректерді жүктеуге жол берілмейді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16328 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 29 желтоқсан №491 Астана қаласы

Газ және газбен жабдықтау саласындағы нормативтік-техникалық құжатты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**
1. Қоса беріліп отырған Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілд

(Соңы. Басы 15-бетте)

«8-1. Уәкілетті орган құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қарастырудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.»;

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Уәкілетті орган өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде құжаттарды қарастырады және химиялық өнімді тіркеу туралы шешім қабылдайды не осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша химиялық өнімді тіркеуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Химиялық өнімді тіркеуден бас тарту үшін негіз мыналар болып табылады:

1) өтініш беруші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) химиялық өнімді тіркеу туралы күәлігін және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) алу үшін ұсынған құжаттардың анық еместігін анықтау;

2) химиялық өнімді тіркеу үшін қажетті материалдардың, деректер мен мәліметтердің Заңның 14-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.».

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құжаттау және бақылау департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ж.ҚАСЫМБЕК

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
_____ Д.Абаев
2017 жылғы 5 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
_____ Ө.Шөкеев
2017 жылғы 22 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
_____ Т.Сүлейменов
2018 жылғы 30 қаңтар

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
_____ Қ.Қасымов
2018 жылғы 10 қаңтар

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
_____ Қ.Бозымбаев
2017 жылғы 27 желтоқсан

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16439 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 28 желтоқсан №924 Астана қаласы

«Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №511 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11363 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 шілде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қауіпті өндіріс объектісінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.»;

қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құжаттау және бақылау департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы Р.СКЛЯР

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
_____ Д. Абаев
2018 жылғы 10 қаңтар

«КЕЛІСІЛГЕН»
ҚазақстанРеспубликасының Ұлттық экономика министрі
_____Т.Сүлейменов
201_ жылғы «__»_____

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы
_____ Р. Дәленов
2018 жылғы 24 қаңтар

«КЕЛІСІЛГЕН»
ҚазақстанРеспубликасының Ішкі істер министрі
_____Қ.Қасымов
2018 жылғы 31 қаңтар

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №924 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №511 бұйрығына 1-қосымша

«Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Құжаттары толық ұсынбау және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттары ұсыну фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсетуінің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына берілетін аттестат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің түпнұсқалығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі асқа үзіліссіз, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тандауы бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібінде көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 7 (жеті) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Құжаттарды толық ұсынбау және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – тіркеу шифрін бере отырып, қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын тіркеу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағымен көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

Көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің түпнұсқалығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі асқа үзіліссіз, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тандауы бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібінде көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

3) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу үшін техникалық жарақтандырылуын қамтуы тиіс.

Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан жазбаша түрде келісім алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық тиісті құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес етінішті қабылдаудан бас тартады.

порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, өнеркәсіп саласын және жүзеге асырылатын қызмет түрін көрсете отырып, электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесі;

16. Есепті кезеңде (ай, тоқсан, жыл) қызметі болмаған кезде респондент графикте көрсетілген мерзімдердің аяқталу күнінен кешіктірмей тиісті статистикалық нысандардың орнына қызметінің болмауы туралы хабарламаны осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде әр нысан бойынша жеке немесе «Респонденттің кабинеті» арқылы Комитеттің www.stat.gov.kz ресми интернет-ресурсында қызметтің болмау себептерін және аталған қызмет жүзеге асырылмайтын мерзімді көрсете отырып осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген статистикалық нысандарды қоспағанда ұсынады.

17. Қызметінің болмауы туралы хабарламада көрсетілген мерзім аяқталған соң немесе қызметін мерзімінен бұрын жаңғыртқан жағдайда бұрын ұсынылған қызметінің болмауы туралы хабарламаның күші ол туралы мемлекеттік статистика органдарына хабарлаған жағдайда жойылады және респондент жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын Графикке сәйкес мемлекеттік статистика органдарына тапсырады.

18. Қызметінің уақытша тоқтатылуына байланысты респондент мемлекеттік статистика органдарына жүгінген және салық есептілігін ұсынуды уақытша тоқтата тұру туралы шешімнің көшірмесін ұсынған кезде ағымдағы жылы жұмыспен өтелген кезең үшін есептілік ұсынылатын статистикалық нысандарды (жылдық алғашқы деректер) қоспағанда осы респондент статистикалық нысандарды шешімде көрсетілген мерзімнің соңына дейін ұсынбайды.

Салық есептілігін ұсынуды уақытша тоқтата тұру туралы шешімде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін респондент уақыттан бұрын қызметін қайта бастаса, статистикалық нысандар респондент қызметін қайта бастаған сәттен бастап ұсынылатын болады.

19. Респондент мемлекеттік статистика органдарына бұрын ұсынған статистикалық нысандар бойынша қателерін өзі анықтаған кезде респондент қателерді осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарына сәйкес түзетеді.

Статистикалық ақпаратты түзу кезінде, қателер табылған жағдайда, сондай-ақ алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін мемлекеттік статистика органдарының лауазымды адамдары респонденттерден қосымша ақпаратты талап етеді.

Егер статистикалық нысанды толтыру бойынша нұсқаулықта өзгелері белгіленбеген болса, респонденттер алғашқы статистикалық деректердің бұрмалануын анықтаған кезде мемлекеттік статистика органдарының лауазымды адамдары респонденттерден алғашқы статистикалық деректерді қамтитын статистикалық нысандарға түзету енгізуді талап етеді.

Респондент бұрмалауды немесе олармен келіспейтінін дәлелдегенде алғашқы статистикалық деректерге енгізілген өзгерістермен бірге статистикалық нысандарды немесе ұсынылған деректердің анықтығын растайтын құжаттармен бірге сәйкес ақпаратты, оның ішінде факс, электрондық пошта, ұтқыр және телефон байланысы арқылы ұсынады.

20. Респонденттер айлық және тоқсандық кезеңділіктегі жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары бойынша қателерді - бір жұмыс күні ішінде, басқа кезеңділіктегі статистикалық нысандар бойынша мемлекеттік статистика органдарының лауазымды адамдары хабарлама берген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде түзетеді.

Респонденттер ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары бойынша қателерді ведомстволық статистикалық байқауларды өз бетінше жүргізетін мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген мерзім ішінде түзетеді.

21. Респондент статистикалық нысанға түзетулер енгізген кезде тапсыру нысанына (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) қарамастан, оны тапсыру мерзімінен кейін статистикалық нысанның түзетілген нұсқасын респондент, егер өзгелері статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулықта белгіленбеген болса, статистикалық нысанды ұсыну орнына қарай тапсырады. Статистикалық нысанның қағаз жеткізгіште ұсынылған түзетілген нұсқасы күні және орындаушы мен басшының қолы қойылып, «түзетулерге сену» деген сөздермен расталады.

22. Қайта ұсынылған статистикалық нысанға осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес лауазымды адамдар қол қояды.

23. Респонденттер негізгі немесе қосалқы экономикалық қызмет түрін өзгерту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айлық мерзімде немесе қызметкерлер саны өзгерген жағдайда бұл туралы мемлекеттік статистика органдарын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес немесе «Респондент кабинеті» арқылы Комитеттің www.stat.gov.kz ресми интернет-ресурсында электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып хабардар етеді.

Аумақтық статистика органдары түскен хабарламаларды қарайды және үш жұмыс күні ішінде экономикалық қызметтің негізгі, қосалқы түрлерінің, статистикалық тіркелімдердегі респонденттер бойынша қызметкерлердің санының өзгеруі туралы шешім қабылдайды.

Хабарламаны қарау нәтижесі хабарламада көрсетілген электрондық мекенжайға (мекенжайларға) жіберіледі.

Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Хабарлама

_____облысының
(қаласының, ауданының) мемлекеттік статистика органы

Жеке немесе заңды тұлғаның атауы_____, ЖСН немесе БСН коды_____, ӘҚЖЖ _____, (статистикалық нысан атауы) _____(индексі_____, кезеңділігі_____) жалпымемлекеттік және (немесе) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны бойынша _____ай, тоқсан және (немесе) жыл ішінде _____ жағдайға байланысты қызмет жүргізілмейтінін хабарлайды.

Жоғарыда баяндалғанға сәйкес статистикалық нысан _____облысының (қаласының, филиалының) мемлекеттік статистика органына_____ айынан және (немесе) тоқсанынан (қажеттісін сызу) бастап ұсынылатын болады.

Басшы _____/_____
тегі, аты және әкесінің аты қолы
(бар болған жағдайда)

Бас бухгалтер _____/_____
тегі, аты және әкесінің аты қолы
(бар болған жағдайда)

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)

_____/_____/_____
мекеменің нақты мекенжайы телефон нөмірі электрондық пошта

Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 2-қосымша

Қызметінің болмауы туралы хабарлама таралмайтын статистикалық нысандар

1) «Еңбек бойынша есеп» (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық және жылдық);

2) «Қызметкерлердің жекелеген лауазымдары мен кәсіптері бойынша жалақы мөлшері туралы есеп» (индексі 2-Т (ПРОФ), кезеңділігі жылына бір рет);

3) «Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің саны туралы есеп» (индексі 1-Т (еңбек жағдайы), кезеңділігі жылдық);

4) «Ірі және орта кәсіпорындардағы кадрларға қажеттілік және саны туралы есеп» (индексі 1-Т (бос жұмыс орын), кезеңділігі жылына бір рет);

5) «Қызметкерлер санын есептелген жалақы мөлшері бойынша бөлу туралы есеп» (индексі 1-Т (ЗП), кезеңділігі екі жылда бір рет);

6) «Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп» (индексі 2-МП, кезеңділігі тоқсандық және жылдық);

7) «Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» (индексі 1-ПФ, кезеңділігі тоқсандық және жылдық);

8) «Еңбек қызметімен байланысты жарақаттану және кәсіптік аурулар туралы есеп» (индексі 7-ТПЗ, кезеңділігі жылдық);

9) «Дара кәсіпкердің қызметі туралы есеп» (индексі 1-ИП, кезеңділігі екі жылда бір рет);

10) «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы есеп» (индексі 1-ғылым, кезеңділігі жылдық);

11) «Бейрезиденттерге қойылатын қаржылық талаптар және олардың алдындағы міндеттемелер туралы есеп» (индексі 1-ТБ, кезеңділігі тоқсандық);

12) «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп» (индексі 3-ақпарат, кезеңділігі жылдық);

13) «Инновациялық қызмет туралы есеп» (индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық);

14) «Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп» (индексі 1-СР, кезеңділігі жылына бір рет);

15) «Жаңа кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу» (индексі 1-НП, кезеңділігі біржолғы);

16) «Ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметі туралы» (индексі 1-СПК, кезеңділігі тоқсандық);

17) «Сервистік-дайындау орталықтарының қызметі туралы» (индексі 1-СЗЦ, кезеңділігі тоқсандық);

18) «Теміржол желісінің пайдалану ұзындығының ұзақтығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп» индексі 1-ЖД, кезеңділігі жылдық).

Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Хабарлама

_____облысының
(қаласының, ауданының) мемлекеттік статистика органы

Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің атауы
_____

ЖСН немесе БСН _____

Экономикалық қызмет түрінің негізгі коды_____

КМЖ[1] коды _____

негізгі/қосалқы (қажеттісінің астын сызу) экономикалық қызмет түрінің өзгергені (қосу/алып тастау) туралы хабарлайды.

_____
(экономикалық қызмет түрінің атауы көрсетіледі)

Экономикалық қызмет түрінің негізгі және қосалқы кодын көрсетіңіз:

№	Экономикалық қызмет түрінің (ӘҚЖЖ[2]) коды	Мың теңгеде өндірілген өнімнің, сатылған тауарлардың және көрсетілген қызметтердің көлемі[3]	Процесс (Ö таңбасымен белгіленеді)	Өзгерістер уақытша (маусымдық) сипатта (1жылдан аз)
ӘҚЖЖ негізгі коды				
1	□□□□□		өзгерту □	иә □ жоқ □
ӘҚЖЖ қосалқы коды				
1	□□□□□		қосу □ алып тастау □	иә □ жоқ □
2	□□□□□		қосу □ алып тастау □	иә □ жоқ □
3	□□□□□		қосу □ алып тастау □	иә □ жоқ □
n	□□□□□		қосу □ алып тастау □	иә □ жоқ □

Ескертпе:

[1]КМЖ коды - Комитеттің ресми интернет -ресурсында (www.stat.gov.kz >> Жіктеуіштер >> Статистикалық жіктелімдер) орналасқан Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуішіне сәйкес толтырылады

[2]ӘҚЖЖ коды – Комитеттің ресми интернет -ресурсында (www.stat.gov.kz >> Жіктеуіштер >> Статистикалық жіктелімдер) орналасқан Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына сәйкес толтырылады

[3] Экономикалық қызмет түрінің негізгі және қосалқы коды өзгергенде, жол міндетті толтырылуға жатады

2) қызметкерлер саны[4]:

1	Орташа жылдық тізімдік саны	
2	Филиалдарды ескерусіз орташа жылдық тізімдік саны (филиалдары бар заңды тұлғалар толтырады)	
3	Нақты саны	
4	Филиалдарды ескерусіз нақты саны	

Басшы_____/_____
тегі, аты және әкесінің аты қолы
(бар болған жағдайда)

_____/_____
телефон нөмір электрондық пошта мекенжайы

Бас бухгалтер _____/_____
тегі, аты және әкесінің аты қолы
(бар болған жағдайда)

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)

_____/_____/_____
ұйымның орналасқан нақты мекенжайы телефон нөмірі электрондық пошта

Күні _____

Ескертпе:

[4]Орташа есептік кезеңдегі қызметкерлердің тізімдік саны әр айдың соңындағы қызметкерлердің орташа арифметикалық санына тең.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 9 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16196 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 20 қараша №179 Астана қаласы

«Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №174 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 174 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6460 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 қарашадағы № 461-468 (26311) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**»;

Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистик комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы Н.АЙДАПКЕЛОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі
Т.Қ.Дүйсенова _____
2017 жылғы 23 қараша

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
Ж.М.Қасымбек _____
2017 жылғы 25 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Б.Т.Сұлтанов _____
2017 жылғы 28 қараша

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
А.Мұхамедиұлы _____
2017 жылғы 5 желтоқсан

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі
А.Мырзахметов _____
2017 жылғы 29 қараша

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төрағасы
Д.Т.Ақышев _____
2017 жылғы 20 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 20 қарашадағы №179 бұйрығына қосымша

Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізетін мемлекеттік статистика органдарына таратылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар олардың Заңда көрсетілген мағынасында қолданылады.

2. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту тәртібі

4. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша статистикалық нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту тәртібі оларды әзірлеу немесе қайта қарау, келісу және бекітуді қамтиды.

5. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) бекітеді.

6. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын әзірлеуге немесе қайта қарауға негіздемелер:

1) мемлекеттік статистиканың тиісті органдарының стратегиялық жоспарлары;

2) мемлекеттік статистиканың тиісті органдарының операциялық жоспарлары;

3) мемлекеттік және салалық даму бағдарламалары;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары;

5) статистикалық әдіснаманы халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру;

6) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандардың көрсеткіштерімен қайталанатын жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық нысандардың көрсеткіштерінің болуы болып табылады.

7. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды Комитет «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының талаптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді, қайта қарайды және бекітеді және келесі құрылымды қамтиды:

1) титулдық бет;

2) негізгі бөлігі;

3) қосымша (қажет болған жағдайда).

8. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық нысандардың титулдық беті мынадай деректемелерді есепке ала отырып, осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес ресімделеді:

1) статистикалық нысанды бекітетін бұйрықтың күні және нөміріне арналған орын;

2) статистикалық байқаудың түрі;

3) статистикалық нысан ұсынылатын мемлекеттік статистика органының атауы;

4) статистикалық нысанды электронды түрде интернет-ресурста орналастыру мекенжайы;

5) анық емес деректерді ұсынғаны және алғашқы статистикалық деректерді ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік шаралары;

6) Комитет беретін статистикалық нысанның коды;

7) статистикалық нысанның индексі;

8) статистикалық нысанның атауы және оның есепті кезеңі;

9) статистикалық байқауды өткізу кезеңділігі (біржолғы, күн сайынғы, апта сайынғы, онкүндік, айына 2 рет, айлық, тоқсандық, жартыжылдық, жылдық, жылына бір рет, екі жылда бір рет, үш жылда бір рет, бес жылда бір рет, маусымдық);

10) есеп беретін респонденттер тобы;

11) статистикалық нысан бойынша статистикалық деректерді ұсыну мерзімі;

12) есепке алу бірлігінің сәйкестендіру коды - заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге арналған бизнес-сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғаларға, соның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге арналған жеке сәйкестендіру нөмірі;

13) статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт (Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша – міндетті, ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы және Ұлттық банктің қарауына).

Титулдық бетте көрсетілген статистикалық нысанның деректемелерін мемлекеттік статистика органдары қолданады және Комитет өздігінен немесе жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды қайта қарау жолымен мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ұсынысы бойынша өзгертіледі.

9. Осы Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленетін жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша статистикалық нысанның негізгі бөлігі алғашқы статистикалық деректерді жинауға арналған көрсеткіштер және (немесе) сұрақтар тізбесін және типтік мекенжай бөлігін қамтиды.

10. Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді.

11. Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулық әзірлеу немесе жоспарланатын жылдың алдындағы жылға 15 мамырға дейінгі мерзімде қайта қарау және ішкі келісу рәсімдерінен өтеді.

12. Ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар жоспарланатын жылдың алдындағы жылғы 1 сәуірге дейін Комитетке келісу және кейіннен бекіту үшін ұсынылады.

13. Статистикалық нысандарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген немесе күші жойылған жағдайда осы Қағидаларға 5 қосымшасына сәйкес әзірлеуші ведомствоға негіздемені және салыстырмалы кестені тапсырады.

14. Комитет респонденттерге жүктемені төмендету мақсатында жалпымемлекеттік және (немесе) ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтардың жобаларына ерікті негізде тестілеу өткізеді.

Жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу үшін статистикалық нысандарды, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 20 қарашадағы №179 бұйрығына ___қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение ___к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 20 ноября 2017 года №179

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установлен

(Жалғасы. Басы 18-бетте)

1. Ұйымның инновациялық қызметті жүзеге асырған нақты орнын көрсетіңіз (ұйымның тіркелген жеріне қарамастан) – облыс, қала, аудан, елді мекен
Укажите фактическое место осуществления инновационной деятельности организации (независимо от места регистрации организации) – область, город, район, населенный пункт

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсыру кезінде статистика органының қызметкері толтырады) ☐☐☐☐☐☐☐☐☐
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работниками органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

2. Ұйым туралы негізгі ақпарат
Основная информация об организации

2.1 Есепті кезең соңына қызметкерлердің жалпы саны
Общая численность работников на конец отчетного периода _____ **адам/** человек

2.2 Сіздің ұйым қандай өткізу нарығында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізеді?
(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)
На каких рынках сбыта Ваша организация реализует товары и услуги?
(возможно несколько вариантов ответа)

2.2.1 Облыстық ☐
Областной
2.2.2 Қазақстандық ☐
Казахстанский
2.2.3 ТМД елдері[1] ☐
Страны СНГ[1]
2.2.4 ТМД-дан тыс елдер ☐
Страны вне СНГ
2.2.3.1 одан ЕАЭО[2] **елдері** ☐
из них страны ЕАЭС[2]

2.3 Сіздің ұйымда соңғы үш жыл ішінде инновациялардың қандай түрлері болды?
Какие типы инноваций имела Ваша организация в течение последних трех лет?

2.3.1 Өнімдік ☐
Продуктовые
2.3.1.1 Қандай инновациялар көрсетіңіз
Укажите какие инновации_____

2.3.2 Процестік
Процессные
2.3.2.1 Қандай инновациялар көрсетіңіз ☐
Укажите какие инновации_____

2.3.3 Маркетингтік ☐
Маркетинговые
2.3.3.1 Қандай инновациялар көрсетіңіз
Укажите какие инновации_____

2.3.4 Ұйымдық ☐
Организационные
2.3.4.1 Қандай инновациялар көрсетіңіз
Укажите какие инновации_____

Ескертпе:
Примечание:
[1]**ТМД – мұнда және бұдан әрі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы**
[1]СНГ – здесь и далее Содружество Независимых Государств
[2]**ЕАЭО елдері – мұнда және бұдан әрі Еуразиялық экономикалық одақ**
[2]страны ЕАЭС – здесь и далее Евразийский экономический союз

2.4 Сіздің ұйым соңғы үш жылда инновацияның келесі түрлері бойынша экологиялық инновацияға ие болды ма?
Имела ли Ваша организация за последние три года экологические инновации в рамках следующих типов инноваций?

2.4.1 Өнімдік ☐
Продуктовые
2.4.1.1 Экологиялық инновациялар қандай көрсетіңіз
Укажите какие экологические инновации_____

2.4.2 Процестік ☐
Процессные
2.4.2.1 Экологиялық инновациялар қандай көрсетіңіз
Укажите какие экологические инновации_____

2.4.3 Маркетингтік ☐
Маркетинговые
2.4.3.1 Экологиялық инновациялар қандай көрсетіңіз
Укажите какие экологические инновации_____

2.4.4 Ұйымдық ☐
Организационные
2.4.4.1 Экологиялық инновациялар қандай көрсетіңіз
Укажите какие экологические инновации_____

2.4.5 Жоқ ☐
Нет

Инновациялар болмаған жағдайда 8-сұраққа өту
В случае отсутствия инноваций переход к вопросу 8

3. Өнімдік инновация
Продуктовая инновация

3.1 Сіз соңғы үш жыл ішінде қайсысын енгіздіңіз
Внедряли ли Вы за последние три года

	Тауарлар Товары	Көрсетілетін қызметтер Услуги
3.1.1 Жаңа немесе едәуір жетілдірілген Новые или значительно усовершенствованные	☐	☐
3.1.2 Жетілдіруге өкелген Подвергавшиеся усовершенствованию	☐	☐
3.1.3 Өзге де инновациялық Прочие инновационные	☐	☐

3.2 Инновациялық өнімді кім әзірлеген?
Кем разработана инновационная продукция?
Тауарлар Көрсетілетін қызметтер
Товары Услуги

	Тауарлар Товары	Көрсетілетін қызметтер Услуги
3.2.1 Ұйымның өзі Самой организацией	☐	☐
3.2.2 Басқа ұйымдармен немесе мекемелермен[3] **бірлесіп** Совместно с другими организациями или учреждениями[3]	☐	☐
3.2.3 Басқа ұйымдармен немесе мекемелермен жаратылғанды жетілдіру Усовершенствовано созданное другими организациями или учреждениями	☐	☐
3.2.4 Басқа ұйымдармен немесе мекемелермен Другими организациями или учреждениями	☐	☐

3.3 Сіздің тауарларыңыз немесе қызметтеріңіз Сіздің тауар (көрсетілетін қызмет) нарығыңыз үшін соңғы үш жылда инновациялық болып табылы ма?
Являются ли Ваши товары или услуги за последние три года инновационными для Вашего рынка товаров (услуг)?
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

Ескертпе:
Примечание:
[3]**Мекемелерге университеттер, зерттеу институттары, коммерциялық емес ұйымдар және тағы басқалар жатады**
[3]К учреждениям относятся университеты, исследовательские институты, некоммерческие организации и так далее

3.4 Есепті жылы өндірілген инновациялық өнімдердің жалпы көлемін көрсетіңіз
Укажите общий объем произведенной инновационной продукции в отчетном году _____ **мың теңге/** тысяч тенге

3.4.1 Олардан нанотехнологияға байланысты өнімдер
Из них продукция, связанная с нанотехнологиями _____ **мың теңге/** тысяч тенге

3.5 Өткізілген инновациялық өнімдердің (тауарлар және көрсетілетін қызмет) көлемін көрсетіңіз, мың теңге
Укажите объем реализованной инновационной продукции (товаров и услуг), тысяч тенге

Жол коды Код строки	Көрсеткіштің атауы Наименования показателя	Барлығы Всего	олардан из них: нанотехнология-мен байланысты өнімдер продукция, связанная с нанотехнологиями	1-бағаннан экспортқа жіберілгені Из графы 1 поставленные на экспорт	олардан из них: нанотехнология-мен байланысты өнімдер продукция, связанная с нанотехнологиями
А	Б	1	2	3	4
1	**Барлығы** Всего				
	соның ішінде в том числе	X	X	X	X
1.1	Сіздің тауар (көрсетілетін қызмет) нарығыңыз үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар (көрсетілген қызметтер) новые или значительно усовершенствованные товары (услуги), которые являются новыми для Вашего рынка товаров (услуг)				
1.2	**Сіздің ұйымыңыз үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлар (көрсетілген қызметтер)** новые или значительно усовершенствованные товары (услуги), которые являются новыми для Вашей организации				

3.6 Сіздің өніміңіз соңғы үш жылда инновациялық болып табылды
Ваша продукция является инновационной за последние три года

3.6.1 Сіздің ұйымда ☐
В Вашей организации
3.6.2 Қазақстанда ☐
В Казахстане
3.6.3 ТМД елдерінде ☐
В странах СНГ
3.6.4 Әлемде ☐
В мире
3.6.3.1 одан ЕАЭО елдерінде ☐
из них в странах ЕАЭС

4. Процестік инновация
Процессная инновация

4.1Сіз соңғы үш жылда жаңа немесе едәуір жетілдірілген процестік инновацияны енгіздіңіз бе?
Внедряли ли Вы за последние три года новую или значительно усовершенствованную процессную инновацию

	Иә Да	Жоқ Нет
4.1.1 Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өндіру әдісін Метод производства товаров (услуг)	☐	☐
4.1.2 Логистиканы, тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) тарату немесе жеткізу немесе өткізу әдісін Логистику, доставку или методы реализации товаров (услуг)	☐	☐
4.1.3 Техникалық тәсілдер, жабдықтауда, бухгалерлік есепте, бағдарламалық қамтамасыз ету және басқалар сияқты қызметті жасау және ұсыну тәсілдерін Метод создания и предоставления услуг, таких как технические приемы, программное обеспечение в снабжении, бухгалтерском учете и другие	☐	☐
4.1.4 Басқа әдістер Другие методы	☐	☐

4.2Процестік инновацияны кім әзірлеген?
Кем разработана процессная инновация?

4.2.1 Ұйымның өзі ☐
Самой организацией
4.2.2 Басқа ұйымдармен немесе мекемелермен бірлесіп ☐
Совместно с другими организациями или учреждениями
4.2.3 Басқа ұйымдармен немесе мекемелермен жаратылғанды жетілдіру ☐
Усовершенствовано созданное другими организациями или учреждениями
4.2.4 Басқа ұйымдар немесе мекемелер ☐
Другими организациями или учреждениями

5. Өнімдік және процестік инновациялар үшін ағымдағы немесе ескерусіз қалған инновациялық қызметтер
Текущая или заброшенная инновационная деятельность для продуктовых и процессных инноваций

5.1 Өнімдік және процестік инновацияларды әзірлеуге байланысты іс-шаралар болды ма?
Мероприятия связанные с разработкой продуктовой и процессной инновацией были?

	Иә Да	Жоқ Нет
5.1.1 Ескерусіз қалды немесе тоқтатылды Заброшены или приостановлены	☐	☐
5.1.2 Есепті жылдың соңына аяқталмады Не завершены к концу отчетного года	☐	☐

6.Үш жылдағы инновациялық қызмет және есепті жылғы өнімдік және процестік инновацияларға шығыстар
Инновационная деятельность за три года и расходы на продуктовые и процессные инновации в отчетном году

6.1 Соңғы үш жыл ішінде Сіздің ұйымыңыз өнімдік және процестік инновацияларды жасау үшін келесі қызметті жүзеге асырды:
В течение последних трех лет Ваша организация осуществляла следующую деятельность по созданию продуктовых и процессных инноваций:

6.1.1 Ішкі ҒЗТКЖ[4]
Внутренние НИОКР[4]
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

Ескертпе:
Примечание:
[4]**ҒЗТКЖ – мұнда және бұдан әрі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар**
[4] НИОКР – здесь и далее научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы

6.1.1.1 Үнемі ☐
Постоянно
6.1.1.2 Кейде ☐
Иногда

6.1.2 Сыртқы ҒЗТКЖ
Внешние НИОКР
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.1.3 Заманауи машиналарды, жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқа да күрделі тауарларды сатып алу (ҒЗТКЖ үшін жұмсалған шығындардан басқа)
Приобретение современных машин, оборудования, программного обеспечения и других капитальных товаров (за исключением затрат для НИОКР)
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.1.4 Білімді сыртқы көздерден алу
Приобретение знаний из внешних источников
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.1.5 Инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін оқыту
Обучение для осуществления инновационной деятельности
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.1.6 Инновацияны нарыққа енгізу және шығару
Внедрение и вывод инноваций на рынок
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.1.7 Дизайн әзірлеу
Разработка дизайна
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.1.8 Инновациялық қызметтің басқа түрлері
Другие виды инновационной деятельности
Иә Да ☐ **Жоқ** Нет ☐

6.2 Инновацияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындардың сомасын көрсетіңіз
Укажите сумму затрат на осуществление инноваций

6.2.1 Технологиялық
Технологические _____**мың теңге/** тысяч тенге
соның ішінде:
том числе:
1. өнімдік
продуктовые _____**мың теңге/**тысяч тенге
2. процестік
процессные _____**мың теңге/**тысяч тенге
соның ішінде:
в том числе:
6.2.1.1 ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар (ағымдағы шығындар (еңбекақы төлемдері және арнайы ҒЗТКЖ-ға арналған жабдықтар мен ғимараттарға жұмсалған күрделі салымдар)
Внутренние затраты на НИОКР (текущие затраты (оплата труда и капитальные вложения в здания и оборудование, специально предназначенные для НИОКР) _____ **мың теңге/**тысяч тенге
6.2.1.2 ҒЗТКЖ-ға сыртқы шығындар
Внешние затраты на НИОКР _____ **мың теңге/**тысяч тенге
6.2.1.3 Заманауи машиналарды, жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқа да күрделі өнімдерді сатып алу (ҒЗТКЖ үшін жұмсалған шығыстардан басқа)
Приобретение современных машин, оборудования, программного обеспечения и других капитальных товаров
(за исключением затрат для НИОКР) _____ **мың теңге/**тысяч тенге

6.2.1.4 Білімді сыртқы көздерден сатып алу
Приобретение знаний из внешних источников _____ **мың теңге/** тысяч тенге
6.2.1.5 Оқыту, жобалау, маркетингтік зерттеу және басқа да тиісті іс-шаралар
Проектирование, маркетинговое исследование, обучение и другие соответствующие мероприятия _____ **мың теңге/**тысяч тенге
6.2.1.6 Өзге де инновациялық шығыстар
Прочие инновационные расходы _____ **мың теңге/**тысяч тенге
6.2.2 Маркетингтік
Маркетинговые _____ **мың теңге/**тысяч тенге
6.2.3 Ұйымдық
Организационные _____ **мың теңге/**тысяч тенге

6.3 Қаржыландыру көздері бойынша инновацияларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындар сомасын көрсетіңіз, мың теңге
Укажите сумму затрат на осуществление инноваций по источникам финансирования, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Барлығы Всего	Олардан өнімдік және процестік инновацияларға Из них на продуктовые и процессные инновации
А	Б	1	2
1	Барлығы Всего		
	соның ішінде в том числе	X	X
1.1	**меншікті қаражат** собственные средства		
1.2	**республикалық бюджет** республиканский бюджет		
1.2.1	**олардан даму институттары** из них институты развития		
1.2.1.1	**олардан инновациялық гранттар** из них инновационные гранты		
1.3	**жергілікті бюджет** местный бюджет		
1.4	**шетелдік қаражаттар** иностранные средства		
1.5	**өзге де қаражаттар** прочие средства		
1.5.1	**банк қарыздары** займы банков		
1.5.1.1	**олардан кредиттер мен қарыздар жеңілдетілген шарттармен** из них кредиты и займы на льготных условиях		
1.5.2	**банктен тыс заңды тұлғалардың қарызы (даму институттарынан басқа)** займы внебанковских юридических лиц (кроме институтов развития)		
1.5.3	**венчурлік қорлар** венчурные фонды		

6.4 Жаңа жобалар үшін немесе қолданыстағы инновацялық жобалардың аяқталуына ықпал етуші ақпарат көздерінің маңыздылық деңгейін көрсетіңіз
Укажите уровень важности источников, предоставивших информацию для новых проектов или способствовавших завершению существующих инновационных проектов

	Жоғары Высокий	Орта Средний	Төмен Низкий	Пайдаланылмайды Не используется
6.4.1 Ішкі көздер Внутренние источники	☐	☐	☐	☐
6.4.1.1 Сіздің ұйымыңыздың шегінде В пределах Вашей организации				
6.4.2 Нарық көздері Источники рынка				
6.4.2.1 Жабдықтарды, материалдарды, жиынтықтаушылар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізушілер Поставщики оборудования, материалов, комплектующих и программного обеспечения	☐	☐	☐	☐
6.4.2.2 Жеке сектордағы клиенттер немесе тұтынушылар Клиенты или потребители из частного сектора	☐	☐	☐	☐
6.4.2.3 Мемлекеттік сектордағы клиенттер немесе тұтынушылар Клиенты или потребители из государственного сектора	☐	☐	☐	☐
6.4.2.4 Сіздің салаңыздағы басқа да ұйымдар немесе бәсекелестер Конкуренты или другие организации Вашей отрасли	☐	☐	☐	☐
6.4.2.5 Кеңесшілер, коммерциялық зертханалар немесе жеке ғылыми институттар Консультанты, коммерческие лаборатории или частные научные институты				
6.4.3 Білім беру және ғылыми-зерттеу институттары Образовательные и научно-исследовательские институты				
6.4.3.1 Университеттер Университеты	☐	☐	☐	☐
6.4.3.2 Мемлекеттік немесе жеке ғылыми-зерттеу институттары Государственные или частные научно-исследовательские институты	☐	☐	☐	☐
6.4.4 Басқа да ақпарат көздері Другие источники информации				
6.4.4.1 Конференциялар, жәрмеңкелер, көрмелер Конференции, ярмарки, выставки	☐	☐	☐	☐
6.4.4.2 Ғылыми журналдар, сауда және техникалық жарияланымдар Научные журналы, торговые и технические публикации	☐	☐	☐	☐
6.4.4.3 Кәсіби және өнеркәсіптік ассоциациялар Профессиональные и промышленные ассоциации	☐	☐	☐	☐

7. Инновациялық қызмет саласындағы серіктестік
Партнерство в сфере инновационной деятельности

7.1 Соңғы үш жыл ішінде Сіздің ұйымыңыз инновациялық қызмет саласында (өнімдік және процестік инновацияларға қатысты) басқа ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқарды ма?
В течение последних трех лет сотрудничала ли Ваша организация в сфере инновационной деятельности (в отношении продуктовых и процессных инноваций) с другими организациями?

7.1.1 Иә Да ☐ **7.1.2 Жоқ** Нет ☐

7.2 Орналасқан жеріне қарай инновациялық ынтымақтастық саласындағы серіктесіңіздің типін көрсетіңіз
Укажите тип партнера в сфере инновационного сотрудничества по месторасположению

	Облыстық Қазақстандық ТМД елдері Областной Казахстанский Страны СНГ	ТМД елдері ЕАЭО елдері Страны ЕАЭС	ТМД-дан тыс елдер Страны вне СНГ
7.2.1 Жабдықтар, материалдар, жиынтықтаушылар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізушілер Поставщики оборудования, материалов, комплектующих и программного обеспечения	☐	☐	☐
7.2.2 Жеке сектордағы клиенттер немесе тұтынушылар Клиенты или потребители из частного сектора	☐	☐	☐
7.2.3 Мемлекеттік сектордағы клиенттер немесе тұтынушылар Клиенты или потребители из государственного сектора	☐	☐	☐
7.2.4 Сіздің салаңыздағы бәсекелестер немесе басқа да ұйымдар Конкуренты или другие организации Вашей отрасли	☐	☐	☐
7.2.5 Кеңесшілер, коммерциялық зертханалар және жеке ғылыми институттар Консультанты, коммерческие лаборатории или частные научные институты	☐	☐	☐
7.2.6 Университеттер Университеты	☐	☐	☐
7.2.7 Мемлекеттік немесе жеке ғылыми-зерттеу институттары Государственные или частные научно-исследовательские институты	☐	☐	☐

8. Соңғы үш жыл ішінде Сіздің кәсіпорында инновациялық қызметтің жүзеге асырылмауының негізгі себептерінің бірін көрсетіңіз
Укажите одну из основных причин, по которой в Вашей организации не осуществлялась инновационная деятельность в течение последних трех лет

8.1 Қаржы қаражатының жетіспеушілігі ☐
Недостаток финансовых средств
8.2 Сыртқы қаржыландыру көздерінен қаржы қаражатының жетіспеушілігі ☐
Недостаток финансовых средств из внешних источников финансирования
8.3 Инновациялық шығындардың өте жоғары болуы ☐
Инновационные затраты слишком высоки
8.4 Білікті маманның жетіспеушілігі
Нехватка компетентного персонала
8.5 Технологиялар жөнінде ақпараттың жоқтығы ☐
Отсутствие информации о технологиях
8.6 Нарық туралы ақпараттың жоқтығы ☐
Отсутствие информации о рынках
8.7 Инновация үшін серіктестік табудың күрделілігі ☐
Сложность в поиске партнеров для инноваций
8.8 Нарықтағы бар кәсіпорынның үстемдігі ☐
Доминирование существующих предприятий на рынке
8.9 Инновациялық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге сұраныстың белгісіздігі ☐
Неопределенность спроса на инновационные товары или услуги
8.10 Бұрынғы инновациялар салдарынан қажеттіліктің туындамауы ☐
Нет необходимости вследствие более ранних инноваций
8.11 Сұраныстың болмауынан инновацияға қажеттілік жоқ ☐
Нет необходимости из-за отсутствия спроса на инновации
8.12 Басқа (көрсетіңіз)
Другое (укажите)_____

9. Ұйымдық инновациялар
Организационные инновации
Егер 2-бөлімнің 2.3-сұрағының 2.3.4-жолында ✓ белгіленсе, онда 9-бөлімді толтыру қажет
Если в строке 2.3.4 вопроса 2.3 раздела 2 отмечено ✓, следует заполнить раздел 9

9.1 Бизнесті жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдері (жұмыстар тізбесін басқару, бизнесті жүргізу әдісінің қайта құрылымдау, жинақталған білімді жүйелеу, жұмыс сапасын жақсарту және тағы басқалар) ☐
Новые методы организации работы по ведению бизнеса (управление цепочкой работ, реструктуризация метода ведения бизнеса, управление накопленными знаниями, управление качеством работ и так далее)
9.2 Міндеттерді бөлу және шешімдерді қабылдауды ұйымдастыру бойынша жаңа тәсілдер (яғни міндеттерді таратудың жаңа жүйесін алғаш рет пайдаланған кезде командамен жұмыс істеу, жұмыстарды орталықтандырмау және тағы басқалар) ☐
Новые методы по организации распределения обязанностей и принятию решений (то есть когда впервые используется новая система распределения обязанностей, работа в команде, децентрализация работ и так далее)
9.3 Басқа ұйымдармен немесе мемлекеттік органдармен қарым-қатынасты ұйымдастырудың жаңа тәсілдері (яғни жұмыс алғаш рет альянс ретінде, бірлесіп жүргізілгенде және тағы басқалар) ☐
Новые методы организации взаимоотношений с другими организациями или государственными органами (то есть когда впервые ведется работа в альянсе, партнерстве и так далее)

9.4 Өзге де ұйымдастыру инновациялары
Прочие организационные инновации

10. Маркетингтік инновациялар
Маркетинговые инновации
Егер 2-бөлімнің 2.3-сұрағының 2.3.3-жолында ✓ белгіленсе, онда 10-бөлімді толтырыңыз
Если в строке 2.3.3 вопроса 2.3 раздела 2 отмечено ✓, следует заполнить раздел 10
10.1 Тауардың, көрсетілетін қызметтің дизайнында немесе қаттамасында едәуір өзгеріс болғанда (өнімнің функционалдық сипаттамаларының өзгеруіне өзгерістері қоспағанда) ☐
Значительные изменения дизайна или упаковки товара, услуги (за исключением изменений связанных с изменением функциональных характеристик продукта)
10.2 Тауарды сатудың жаңа әдістері мен тәсілдері (баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдарында және жарнаманы алғаш рет пайдалану, жаңа сауда белгісін, бренд және тағы басқаларды пайдалану) ☐
Новые методы и способы продвижения товара (использование впервые рекламы в прессе и средствах массовой информации, использование нового логотипа, бренда и так далее)
10.3 Тауарды орналастырудың жаңа әдістері немесе өткізудің жаңа арналары (тікелей сатуды, ☐
эксклюзивті сатуды, тауарды таныстырудың жаңа тұжырымдамасын пайдалану және тағы басқалар) ☐
Новые методы размещения товара или новые каналы сбыта (использование прямых продаж, эксклюзивных продаж, новая концепция в презентации товара и так далее)
10.4 Жаңа бағалық саясат (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге деген сұранысқа сәйкес бағаны реттеу тәсілін алғаш рет пайдалану және тағы басқалар) ☐
Новая ценовая политика (использование впервые метода регулирования цены товара или услуги в соответствии со спросом на них и так далее)
10.5 Өзге де маркетингтік инновациялар ☐
Прочие маркетинговые инновации

11. Жаңа технологияларды құру және пайдалану туралы мәліметтер
Сведения о создании и использовании новых технологий
11.1 Сіздер құрған немесе пайдаланатын жаңа технологиялар мен техника объектілерінің санын көрсетіңіз, бірлік
Укажите количество новых технологий и объектов техники созданных или используемых Вами, единиц

11.1.1 Құрылған ☐☐☐
Созданные
11.1.2 Пайдаланатын ☐☐☐
Используемые

Атауы
Наименование_____
Мекенжайы
Адрес _____

Телефоны
Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) _____

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[5] ☐
Согласны на распространение первичных статистических данных[5]

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз[5] ☐
Не согласны на распространение первичных статистических данных[5]

Орындаушы
Исполнитель _____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы, телефоны** подпись, телефон

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер _____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности
_____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Ескертпе:
Примечание:
[5]**Аталған тармақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес толтырылады**
[5]Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О государственной статистике»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 қарашадағы №159 бұйрығына 2 - қосымша

«Инновациялық қызмет туралы есеп»
(коды 231112109, индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқауының статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Инновациялық қызмет туралы есеп» (коды 231112109, индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Инновациялық қызмет туралы есеп» (коды 231112109, индексі 1-инновация, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысанын) толтыруды нақтылайды.
2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:
1) ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер.
3. Инновациялық қызмет идеяларды нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімге, практикалық қызметте пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процеске ауыстыруға байланысты қызмет түрі, жиынтығында инновацияға алып келетін ғылыми-техникалық, ұйымдық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралар кешенін көздейтін әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге бастайтын жаңа тәсілді білдіреді.
Өнім (тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер) енгізілген сәтінен бастап үш жыл ішінде инновациялық болып саналады.
4. 2-бөлімнің 2.1-жолында жұмыс берушінің актісін орындаумен белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде тұрған барлық қызметкерлер жататын қызметкерлердің тізімдік саны, сондай-ақ қоғамдық негізде жұмыспен қамтылған адамдар көрсетіледі.
2.3.1-жолда өнімдік инновацияға жаңа немесе техникалық сипаттамаларында, құрамдас бөліктер мен материалдарда, кіріктірілген бағдарламалық қамтамасыз етуде, пайдаланушыға қарым-қатынас тұрғысынан достастық дәрежесінде немесе басқа функционалдық сипаттамаларда айтарлықтай жетілдірулерді қосқанда олардың қасиеттері немесе пайдалану тәсілдері бөлігінде едәуір жақсартылған болып табылатын тауарды немесе көрсетілетін қызметті енгізулер жатады.
2.3.2-жолдағы процестік инновацияға технологиядағы, жабдықтардағы және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етудегі едәуір өзгерістерді қосқанда жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған өндіріс тәсілдерін немесе өнімді жеткізуді енгізулер жатады.
2.3.3-жолдағы маркетингтік инновацияларға өнімнің дизайнында немесе қаттамасында, оның қоймалануына, нарыққа қосылуына немесе сату бағаларының белгіленуіне айтарлықтай өзгерістерді қоса, маркетингтік жаңа әдістерді енгізулер жатады.
2.3.4-жолдағы ұйымдық инновациялар фирманың іскерлік практикасында, жұмыс орындарын немесе сыртқы байланыстарын ұйымдастыруға жаңа ұйымдық әдісті енгізулерді білдіреді.
5. 3.5-жолда тауар (көрсетілетін қызмет) нарығыңыз және (немесе) ұйымыңыз үшін жаңа болып табылатын инновациялық (тауар, көрсетілетін қызмет) өнімнің өткізілген көлемі көрсетіледі. Өткізілген инновациялық өнімнің жалпы көлемі 1.1 және 1.2-жолдарын қосындысынан тұрады.
1.1 және 1.2-жолдарда есепті жылы өткізілген инновациялық өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) – тауар нарығыңыз үшін немесе ұйымыңыз үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген тауарлардың (көрселетін қызметтер) жөнелтілген көлемі көрсетіледі.
Сипаттамасы немесе мақсаты бойынша ұйым бұрын өндірген өнімдерден едәуір ерекшеленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жаңа өнімдер болып есептеледі. Жаңа технологиялар пайдаланылған жаңа өнімдерге мысал ретінде алғашқы микропроцессорлар немесе сандық фотоаппарат өнімдерін келтіруге болады.
Егер енгізген тауар немесе көрсетілетін қызмет тауар нарығы үшін жаңа болып табылатын болса, аталған тауардың немесе көрсетілетін қызметтің өткізілген көлемі 1.1-жолда көрсетіледі, ал 1.2-жолда ол тауар тек ұйымыңыз үшін ғана жаңа болмағандықтан көрсетілмейді. 1.2-жолда тауар нарығы үшін жаңа емес, бірақ ұйымыңыз үшін ғана инновациялық болып табылатын өнімнің өткізілген көлемі көрсетіледі. Сәйкесінше, осы жолдардағы деректер қайталанбауы тиіс.
6. 4-бөлімнің 4.1-тармағының 4.1.1-жолында тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер өндіруде қолданылатын технологиялық рәсімдер, жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтыған тауарлар (көрсетілетін қызмет) өндірістері (өндіріс желісінде жаңа автоматтандырылған жабдықтардың орналастырылуы немесе жобалық-конструкторлық жұмыстардың компьютерлендірілуі) көрсетіледі.
4.1.2-жолда жеткізу әдістері немесе фирманың логистикасын қозғайтын және шығыс материалдарымен жабдықтауда, фирмаішілік жабдықтауда және түпкілікті өнімді жеткізуде пайдаланылатын жабдықтарды, бағдарламаық қамтамасыз ету мен технологияны біріктіретін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу әдістері (тауарларды штрих-кодтың көмегімен орын ауыстыруын есепке алуды немесе көлік құралдарының орын ауыстыруын қадағалауда белсенді радиожиілік жүйесін енгізу) көрсетіледі.
4.1.3-жолда жабдықтау, бухгалтерлік есеп, есептеу, ағымдағы жөндеулер мен профилактика сияқты қосалқы қызмет түрлерінде пайдаланылатын жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа немесе едәуір жетілдірілген техникалық тәсілдер қамтитын процестерді қолдау тәсілдері көрсетіледі.
7. 6-бөлімде үш жылға инновациялық қызметтер және өнімдік және процестік инновацияларды құруға жұмсалған есепті жылдағы шығыстар көрсетіледі.
Регрессиялық талдауда Фишердің *F*-өлшемшартының көмегімен сызықтық регрессиялық үлгілердің маңыздылығы бағаланады. Сызықтық регрессиялық үлгілердің маңыздылығын бағалау үшін Фишердің *F*-өлшемшартының алынған $F_{нақты}$ нақты мәні мен $F_{кесте}$ кестелік мәнін салыстыру орындалады.

Фишердің *F*-өлшемшартының нақты мәні келесі формула бойынша анықталады:

$$F_{нақты} = \frac{R^2(n-2)}{1-R^2},$$

мұндағы:

$F_{нақты}$ – Фишердің *F* – өлшемшартының нақты мәні;

R^2 – детерминация коэффициенті;

n – 2 – еркіндік дәрежесі;

n – байқаулар саны;

Фишердің *F*-өлшемшартының $F_{нақты}$ нақты мәні $F_{кесте}$ кестелік мәнімен Фишер өлшемшартының математикалық кестесі бойынша салыстырылады.

$F_{кесте}$ – ағымдағы еркіндік дәрежелері және *α* маңыздылығы деңгейіндегі кездейсоқ факторлардың әсерінен болатын Фишер өлшемшартының ең жоғарғы мәні. $F_{кесте} > F_{нақты}$ болғанда регрессия теңдеуі мәнсіз болып саналады.

22. Регрессиялық модельдерде қалдықтардың автокорреляциясының болуын талдау үшін Дарбин-Уотсон өлшемшарты қолданылады.

Дарбин-Уотсон өлшемшарты берілген *n* байқаулар саны және α маңыздылық деңгейі үшін Дарбин-Уотсон өлшемшартының нақты шамасын теориялық мәндерімен салыстыру үшін қолданылады.

Регрессиялық үлгінің автокорреляциялық қалдықтары (регрессиялық үлгінің кездейсоқ қателері) қалдықтардың қазіргі және бұрынғы мәндері арасындағы корреляциялық тәуелділік деп аталады.

Дарбин-Уотсон өлшемшарты келесі формула бойынша есептеледі:

$$DW = \frac{\sum(e_i - e_{i-1})^2}{\sum e_i^2},$$

мұндағы:

DW – Дарбин-Уотсон өлшемшарты;

$\sum(e_i - e_{i-1})^2$ – e_i және e_{i-1} шамаларының айырмасы квадраттарының сомасы;

$\sum e_i^2$ – e_i қалдығы квадраттарының сомасы;

e_i – *i* байқауындағы қалдық;

e_i^2 – *i* байқауындағы қалдықтың квадраты;

e_{i-1} – (*i*-1) байқауындағы қалдық;

Сенімді қорытынды жасау үшін Дарбин–Уотсон өлшемшартының математикалық кестесі бойынша мәндер мен мынадай қағидалар қолданылады:

0<DW< d_L – оң автокорреляция;

d_L*<DW<* d_U – белгісіз аймақ;

d_U*<DW<4-*d_U – автокорреляция жоқ;

4-d_U *<DW<4-*d_L – белгісіз аймақ;

4-d_L*<DW<4* – теріс автокорреляция.

3-тарау. Тұтынуға жұмсалған халық табыстары көрсеткішінің болжамды мәнін анықтау

23. Тұтынуға жұмсалған халық табыстары көрсеткішінің болжамды мәнін анықтау үшін Хольт-Винтерстің әдісі бойынша маусымдылық пен трендті ескере отырып экспоненциалды тегістеу әдісі қолданылады.

Хольт-Винтерс әдісі жылға жетпейтін кезеңде индикаторлар болжамындағы маусымдылық пен трендті ескереді (айлық, тоқсандық кезеңділікпен) және маусымдық ауытқулардың салдарынан болжау қателерін азайту үшін қолданылады. Маусымдық вариацияларды есепке алу үшін қосымша теңдеу қолданылады және толығымен Хольт-Винтерс әдісі төрт теңдеумен сипатталады:

1) экспоненциалды тегістелген қатар формуласы:

$$L_t = k \times \frac{Y_t}{S_{t-s}} + (1 - k) \times (L_{t-1} + T_{t-1}), \qquad (18)$$

мұндағы:

L_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі экспоненциалдық тегістеу қатары;

k – тегістеудің тұрақты шамасы;

$\frac{Y_t}{S_{t-s}}$ – бастапқы деректердегі маусымдылық;

S – маусымдық ауытқу кезеңінің ұзақтығы;

L_{t-1} – (*t-1*) уақыттың алдыңғы кезеңіндегі экспоненциалдық тегістеу қатары;

T_{t-1} – (*t-1*) уақыттың алдыңғы кезеңіндегі тренд.

(18) теңдеу тегістелген қатарларды түзетеді.

2) трендті бағалау $T_t = b \times (L_t - L_{t-1}) \times (1 - b) \times T_{t-1}$, (19)

мұндағы:

T_t – тренд (қатардың негізгі үрдісі);

b – тренд үшін тегістеудің тұрақты шамасы;

L_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі экспоненциалдық тегістеу қатары;

L_{t-1} – (*t–1*) уақыттың алдыңғы кезеңіндегі экспоненциалдық тегістеу қатары;

T_{t-1} – (*t–1*) уақыттың алдыңғы кезеңіндегі тренд.

3) маусымдылықты бағалау $S_t = q \times \frac{Y_t}{L_t} + (1 - q) \times S_{t-s}$, (20)

мұндағы:

S_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі маусымдылық қатардың маусымдық ауытқуы;

q – маусымдылық үшін тегістеудің тұрақты шамасы;

Y_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі деректердің мәні;

L_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі экспоненциалдық тегістеу қатары;

S_{t-s} – уақыттың (*t–s*) кезеңіндегі маусымдылық қатарының маусымдық ауытқуы.

4) алдын ала *p* кезеңге болжам $\hat{Y}_{t+p} = (L_t + p \times T_t) \times S_{t-s+p}$, (21)

мұндағы:

$\hat{Y}_{t+p}$ – болжамды деректердің келешектегі *p* кезеңдерге мәні;

L_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі экспоненциалдық тегістеу қатары;

p – кезеңдер;

T_t – *t* уақыттың ағымдағы кезеңіндегі тренд;

S_{t-s+p} – уақыттың (*t–s+p*) кезеңіндегі маусымдылық қатардың маусымдық ауытқуы.

Тегістелген қатардың бастапқы мәні бірінші байқауға тең деп қабылданады, ал тренд нөлге тең мәнімен алынады. Маусымдылықты бағалаулар бірлікке тең болып белгіленеді.

Тегістелген қатардың бастапқы мәні анықталған соң, маусымдылық қатардың мәні *(t+1)* – келесі жылға есептеледі және *(t+1)* тиісті кезеңнің тренд мәні анықталады.

Трендтен кейін маусымдылық бағалау есептеледі. Тиісті кезеңнің маусымдылық бағалауы *(t+s)* кезеңнен бастап есептеледі. Маусымдылықтың алғашқы *s* бағалаулары бірлікке тең болып қолданылады. *n* бағалаулар санын есептегеннен кейін, *p* келешектегі кезеңдерге болжамды деректері (21) формула бойынша (*p* кезеңдерінің саны *s* маусымдық ауытқу кезеңінің ұзақтығымен сәйкес келеді) есептеледі.

(21) формулада L_t және T_t параметрлері тұрақты шамалар ретінде қолданылады және есептеу кезінде олар өзгермейді. Өзгертілетін деректер ретінде бірліктен бастап *p* (кезеңдер) параметрі және (*t-s+p*) кезеңнен бастап S_{t-s+p} маусымдылық бағалауы көрсетіледі.

Нәтижесінде тұрмыс деңгейінің белгілі бір көрсеткіші бойынша болжамды деректердің *p* кезеңдері қалыптастырылады (мысалы, тұтынуға жұмсалған халық табыстарының тоқсандық көрсеткіштері).

24. Көрсеткіштерді есептеудің осы үлгісі тұрмыс деңгейінің басқа көрсеткіштеріне қатысты осыған ұқсас қолданылады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16074 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 24 қараша №186 Астана қаласы

«Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы №136 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 262) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6334 болып тіркелген, 2010 жылғы 11 тамыздағы № 326-327 (26170) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснамада:

9-тармақтың бірінші және екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін өзектендіруді күнтізбелік жылғы 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша жүргізеді. ӘӘШБЕА БҚ-ға деректерді бұдан әрі ауыстыру және тиісті түзетулерді енгізу мақсатында дәптерлерді пайдаланумен күнтізбелік жылғы желтоқсанның 1

(Соңы. Басы 21-бетте)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №198 бұйрығымен бекітілген

Жасырын және бейресми қызметті есепке алумен негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемін анықтау бойынша әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жасырын және бейресми қызметті есепке алумен негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемін анықтау бойынша әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістеме статистикалық байқаулардың, әкімшілік көздердің және экономикалық есептеулердің деректері негізінде жасырын және бейресми экономиканы ескеріп, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің статистикалық көрсеткішін есептеудің негізгі тәсілдерін айқындайды.

3. Әдістеме Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті қызметкерлерінің статистикалық қызметінде пайдалануға арналған.

4. Әдістеме 2008 жылғы Ұлттық Шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) қағидаттарын ескерумен әзірленді.

2-тарау. Жасырын және бейресми қызметті бағалауды есепке алумен негізгі капиталға салынған инвестицияларды анықтау

5. Жасырын және бейресми қызметті бағалауды есепке алумен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін анықтау жалпымемлекеттік статистикалық әдістермен бақыланбайтын, капитал шығындарын анықтау үшін пайдаланылатын экономикалық есептеулер және әкімшілік көздердің ақпараттары, жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректеріне негізделген құрамдастырылған әдіспен жүзеге асырылады.

Жасырын сектор «ҰШЖ-дағы өндіріс саласы шекарасының шегіндегі қызмет түрлері және заңды болып танылады (кейбір стандарттарды және реттейтін ұйғарымдарды сақтаған жағдайда), олар мемлекеттік басқару органдарынан жасырынады.

Бейресми сектор салық органдарында тіркелмеген кәсіпорындардың бейресми өндірістік қызметін көрсетеді.

6. Жасырын және бейресми қызметті есепке алумен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі келесі технологиялық құрылым бойынша анықталады:

құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар;

машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар;

негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар.

Жасырын және бейресми инвестициялық қызметтің бағалық көлемдерін бөлу нақтыланған активтер құрылымына сәйкес жүзеге асырылады.

1-параграф. Жасырын және бейресми сектор есебімен құрылыс-монтаж жұмыстарына кеткен шығындар көлемін анықтау

7. Құрылыс шығындарының көлемдерін есептеу есептеудің арнайы алгоритмдері және жалпымемлекеттік статистикалық байқау негізінде жүргізіледі.

Жаңа құрылыс бойынша шығарылымды есептеу кезінде өзге де күрделі жұмыстар мен құрылыс өнімінің құнына кіретін шығындар және құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіне бағыталған негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша ақпарат пайдаланылады.

Есептеу негізгі қызметке салынған инвестициялар туралы және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы (сәулет-құрылыс бақылау істері жөніндегі мемлекеттік органдардың және сәулет пен қала құрылысы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың әкімшілік деректері) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері негізінде жүзеге асырылады:

Жасырын және бейресми қызметтің параметрлеріне:

оларды тұрғызуға кеткен нақты шығындармен салыстырғанда жеке тұрғын үйлер құнын төмендетуі;

жаңадан қайта салынған үйлерді сату бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсімі;

жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар мен құрылыстардың салу құнын төмендетуі кіреді.

8. Бір айда жеке тұрғын үй құнын төмендету көлемдері бір айда жеке тұрғын үй тұрғызуға кеткен шығындар мен жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беру туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижесінде алынған олардың құны арасындағы айырмашылықпен анықталады:

$$I_{zh} = P_{zh} - P_{zh\,is}, \qquad (1)$$

мұндағы:

I_{zh} – бір айда жеке тұрғын үйлердің құнын төмендету көлемдері;

P_{zh} – бір айда жеке тұрғын үйлерді тұрғызуға кеткен шығындар;

$P_{zh\,is}$ – жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беру туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқауының нәтижесінде алынған жеке тұрғын үйлердің құны.

Бір айда жеке тұрғын үйлерді тұрғызуға кеткен шығындар келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{zh} = S_{sr} \times P_{sr}, \qquad (2)$$

мұндағы:

P_{zh} – бір айдағы жеке тұрғын үйлерді тұрғызуға кеткен шығындар;

S_{sr}^{zh} – бір айдағы жеке тұрғын үйлердің орташа жалпы ауданы;

P_{sr} – жеке құрылыс салушылар салған тұрғын үйлердің жалпы ауданының бір шаршы метрі құрылысының орташа нақты шығындары.

Жеке тұрғын үйлердің бір айдағы орташа жалпы ауданы хабарламалар және рұқсат беру құжаттары бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері негізінде, жеке құрылыс салушылар ұсынған рұқсат беру құжаттары бойынша тұрғын үйлердің жалпы ауданын жеке құрылыс салушылар салған үйлер (есептеу тұрғын ғимарат құрылысының ұзақтығы нормасын есептеумен анықталады) құрылысы процесінің орташа ұзақтығына бөлу жолымен есептеледі.

Халық салған тұрғын үйлердің жалпы ауданының бір шаршы метрі құрылысының орташа нақты шығындары құрылыс күніне, жайлылық дәрежесіне және қабаттылығына қарамастан, есепті ай үшін құрылысы аяқталған барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының бір шаршы метріне келетін, жеке құрылыс салушылардың нақты жүргізілген шығындарының сомасы ретінде айқындалады.

Жеке тұрғын үй құнын төмендетудің бағалау көлемі тұрғын ғимараттарда орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының шығындарына жатады.

9. Сатылған қайта салынған тұрғын үйлер бойынша инвестициялар өсімі халыққа сатылған тұрғын үйдің жалпы ауданы, тұрғын үйлердің жалпы ауданының бір шаршы метр құрылысына орташа нақты шығындар және бастапқы нарықтағы тұрғын үйлердің жалпы ауданының бір шаршы метрін сату бағасы деректері негізінде мына формула бойынша есептеледі:

$$I_{prod} = S_{prod} \times (P_{prod} - P_{str}), \qquad (3)$$

мұндағы:

I_{prod} – бір айда сатылған қайта салынған тұрғын үйлер бойынша инвестицияның өсімі;

S_{prod} – бір айда халыққа сатылған тұрғын үйдің жалпы ауданы;

P_{prod} – бастапқы нарықтағы тұрғын үйлердің жалпы ауданының бір шаршы метрін сату бағасы;

P_{str} – тұрғын үйлердің жалпы ауданының бір шаршы метр құрылысына орташа нақты шығындары.

Есептеуде тұрғын үйлердің бағаларын тіркеу бойынша және объектілерді пайдалануға беру туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың нәтижелері бойынша қалыптастырылған деректер, сондай-ақ тұрғын үйлерді сату-алу бойынша мәмілелердің саны жөніндегі деректер және тұрғын үй қорының деректері негізінде қалыптастырылған бір айда халыққа сатылған тұрғын үйлердің жалпы алаңы есебінің деректері пайдаланылады.

Бір айға сатылған жаңадан салынған үйлер бойынша инвестициялар өсімі жеке тұрғын үйлер және көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлер бойынша жеке есептеліледі.

Түрлер құрылымы бойынша сатылған жаңадан салынған үйлер бойынша инвестициялар өсімі тұрғын ғимараттарға құрылыс-монтаж жұмыстарының шығындарына жатады.

10. Жеке тұлғалардың ай ішінде тұрғын емес ғимараттар құрылысының құнын төмендетуі жеке құрылысшылардың объектілерді пайдалануға беру туралы статистикалық деректері негізінде және бір айға тұрғын емес ғимараттардың құрылысына шығындар жеке құрылысшылардың объектілерді пайдалануға беру туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқауы нәтижесінде алынған, олардың құны арасындағы айырмашылықпен анықталады.

Ай ішіндегі тұрғын емес ғимараттардың құрылысына кеткен шығындарды анықтау үшін негізгі құрылысты салуға кеткен нақты шығындар оларды тұрғызу мерзіміне түзетіледі (тұрғын емес ғимараттар құрылысы ұзақтығы нормасын ескеріп есептеліледі):

$$P_o = P_{o\,is}/R, \qquad (4)$$

мұндағы:

P_o – айдағы жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысына кеткен шығындары;

$P_{o\,is}$ – жеке құрылысшылардың объектілерді пайдалануға беру туралы есеп ай сайынғы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың нәтижесінде алынған жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысына құны;

R – құрылыстың орташа ұзақтығы.

Ай ішіндегі жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысының құнын төмендетуі келесі формула бойынша есептеледі:

$$I_o = P_o - P_{o\,is}, \qquad (5)$$

мұндағы:

I_o – ай ішіндегі жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысының құнын төмендету шамасы;

P_o – ай ішіндегі жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттардың құрылысына кеткен шығындары;

$P_{o\,is}$ – жеке құрылысшылардың объектілерді пайдалануға беру туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың нәтижесінде алынған жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысына құны.

Ай ішіндегі жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысының құнын төмендету шамасы тұрғын емес ғимараттар бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарына кеткен шығындар көлеміне кіреді.

11. Бір ай ішіндегі жеке тұлғалардың имараттардың құрылыс құнын төмендету мөлшері жеке құрылысшылардың объектілерді пайдалануға беру туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың имараттар құны және түзетілген тұрғызудың орташа уақытына түзетілген имараттардың құрылысына шығындар туралы деректер негізінде ұқсас анықталады.

Бір ай ішіндегі имараттар құрылысының құнын төмендетудің алынған бағалау мөлшері имараттарда жасалған құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындарға жатады.

2-параграф. Экономиканың жасырын және бейресми секторы есебімен машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындарды анықтау

12. Машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдары және құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындардың көлемі жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері бойынша алынған есептік деректерін және экономиканың жасырын және бейресми секторы шығындарын бағалау көлеміне қосу жолымен қалыптастырылады.

Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары және құрал-саймандарды сатып алуға жасырын және бейресми сектордың шығындарын бағалау, өнеркәсіптік өнімді өндіру көлемі бойынша, негізгі тауар топтары бойынша импорт және экспорт көлемдер (сыртқы тауар статистикасы), сондай-ақ лизингтік қызмет туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері және ауыл шаруашылық техникаларын сатып алу, сату үшін ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен айналысатын шаруа, фермер және үй шаруашылықтарының шығындары туралы есептік деректердің негізінде жүзеге асырылады.

13. Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары және құрал-саймандарды сатып алуға жасырын сектор шығындарының құндық көлемі формула бойынша есептелінген машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу және сатып алу шығындары көлемдерімен машиналар, жабдықтардың (экспорт және импорт есебімен) ұлттық шығарылымы көлемінің қатынасын пайдалануымен анықталады:

$$k_{mash} = \frac{I_{mash}}{O_{mash} + Im_{mash} - E_{mash}}, \qquad (6)$$

мұндағы:

– машиналар, жабдықтардың (экспорт және импорт есебімен) ұлттық шығарылымы және машиналар, жабдықтар және көлік құралдарын сатып алу шығындары көлемінің қатынасы;

– машиналар және жабдықтар өндірісінің көлемі;

– машиналар және жабдықтар импорттарының көлемі;

– машиналар және жабдықтар экспортының көлемі;

– машиналар, жабдықтар және көлік құралдарын сатып алуға шығындар көлемі.

Бір айға машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын және құрал-саймандарын сатып алуға кеткен жасырын сектор шығындарына бағалау көлемі келесі формула бойынша есептелінеді:

$$I_{o\,mash} = k_{mash} \times I_{mash}, \qquad (7),$$

мұндағы:

$I_{o\,mash}$ – бір айға машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын және құрал-саймандарды сатып алуға кеткен жасырын шығындар;

k_{mash} – машиналар, жабдықтар және көлік құралдарырын сатып алуға кеткен шығындар көлемінен ұлттық машиналар (экспорт және импорт есебімен) шығарылымы көлемінің қатынасы;

I_{mash} – бір айға машиналар, жабдықтар және көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындардың көлемі.

Бір айға машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын және құрал-саймандарын сатып алуға кеткен жасырын сектор шығындарын бағалау көлемі машиналар, жабдықтар және көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындар көлеміне қосылады.

14. Қаржылық лизинг шарттары бойынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары және құрал-саймандарды сатып алуға жасырын және бейресми секторлар шығындары жалпымемлекеттік статистикалық байқаумен ескерілген, машиналар мен жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындардың есептік шығындарының шамасы және шығындар көлемінің айырмашылығымен анықталады.

Қаржылық лизинг шарттары бойынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға шығындар алынған лизинг төлемдер көлемдерінің және машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға салынған инвестициялар көлемдерінен арақатынасын пайдаланумен есептеледі.

Лизингтік қызмет туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижесінде алынған лизинг саласындағы қызметі жүзеге асырылатын, уйымдар ұсынған қаржылық лизинг шарттары туралы деректер бойынша келесідей формула арқылы қатынасты аламыз:

$$S = I_l / Imash, \qquad (8)$$

мұндағы:

S – алынған лизингтік төлемдер көлемінің және машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға кеткен инвестициялар көлемдерінің қатынасы;

I_l – қаржылық лизинг бойынша алынған лизингтік төлемдер көлемі;

Imash – машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға кеткен инвестициялар.

Алынған қатынас есепті айдағы лизингтік мүліктерді сатып алуға кеткен шығындарды анықтау үшін пайдаланылады:

$$I_{lmash} = I_{mash} XS, \qquad (9)$$

мұндағы:

I_{lm} – ай ішіндегі лизинг шарттары бойынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға кеткен шығындар;

I_{mash} – есепті айдағы машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға инвестициялар;

S – алынған лизингтік төлемдер көлемдерімен машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу инвестициясы көлемінің қатынасы.

Жалпымемлекеттік статистикалық байқауда есептелген шығындар көлемі және ай ішіндегі қаржылық лизинг шарттары бойынша машиналар, жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындардың шамасын есептеу айырмашылығы жалпымемлекеттік статистикалық байқауда алынған машиналар, көлік құралдарын сатып алу инвестициялары туралы деректерге қосылады.

15. Ауыл шаруашылығы техникаларын, жабдықтары және құрал-саймандарын сатып алу және сату үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруа, фермер және үй шаруашылықтарының шығындарын бағалау үшін ауылшаруашылық техникалары мен олардың санының орташа құны көбейтіледі.

Ауыл шаруашылығы тіркелімдері, баға статистикасы және ауыл шаруашылығы техникасының құны туралы сыртқы сауда деректері есептеу үшін негіз болып табылады.

Ай ішіндегі алынған бағалау көлемі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары және құрал-саймандарды сатып алу инвестициларының көлеміне қосылады.

3-параграф. Жасырын және бейресми секторлар есебімен негізгі капиталға салынған инвестицияларды анықтау

16. Жасырын және бейресми секторлар есебімен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне өзге де шығындар жұмысшы, өнімді малды сатып алуға және көпжылдық көшеттерді өсіру, сату үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруа, фермер және үй шаруашылықтарының шығындарын, сондай-ақ жалпымемлекеттік статистикалық байқау мен әкімшілік дереккөздердің деректерін салғастыру арқылы алынған пайдалы қазбаларды барлау және қорларын бағалау шығындарының айырмашылықтары бойынша есептік деректердің, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға кеткен бейресми және жасырын секторлар шығынын бағалау есебімен анықталады.

17. Жұмысшы, өнімді малды сату, сатып алу үшін ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын шаруа, фермер және үй шаруашылықтарының шығындары жалпымемлекеттік статистикалық байқау қорытындылары бойынша қалыптастырылған сатып алуға кеткен шығындар бойынша есептелінген деректер мен шығындар көлемі арасындағы айырмашылығымен анықталады.

Шаруа, фермер және үй шаруашылықтарында заттай мәндегі малдың бары және қозғалысы туралы ауыл шаруашылығы тіркелімінің деректері және жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды малдың бір басының бағасы бойынша баға статистикасының деректері бастапқы деректер болып табылады.

Малды сатып алуға кеткен шаруа, фермер және үй шаруашылықтарының шығындары негізгі қорлардың күйі және жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды малға қалыптастыруға инвестициялар туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері бойынша алынған «Үлкен жұмысшы және өнімді мал (жас мал және сойылатын малдан басқа)» енгізілген жаңа негізгі қаражаттар туралы деректердің қатынасы негізінде түзетіледі.

Ай ішіндегі малды сатып алуға кеткен шығындар бойынша есептелінген деректер мен жалпымемлекеттік статистикалық байқау қорытындылары бойынша қалыптастырылған шығындар көлемі арасындағы айырмашылық жұмысшы, өнімді және асыл тұқымды малды сатып алуға кеткен шығындарға қосылады.

18. Шаруа, фермер және үй шаруашылығының көпжылдық көшеттеріне шығындары көпжылдық көшеттердің бағасына көбейтілген осы шаруашылық санатындағы көпжылдық көшеттерге және «Көпжылдық көшеттер» жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру өзгерістері туралы, деректердің қатынасын ескеріп есептелінеді.

Бір айда алынған жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері мен есептелген деректердің арасындағы алынған айырмасы көпжылдық көшеттерді өсіруге арналған шығындардың көлемі материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындарына тиісінше қосылады.

19. Пайдалы қазбалар қорларын барлау және бағалау шығындары бойынша жасырын және бейресми қызметті бағалау үшін негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың пайдалы қазбалар қорларын барлауға және бағалауға шығындар туралы деректер және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттың талаптарын орындауды сақтау мониторингісін және бақылауды жүзеге асырған кезде қалыптастырылатын әкімшілік деректер арасындағы айырмашылықпен анықталады.

Бір айға пайдалы қазбаларды барлау және бағалауға жасырын және бейресми сектордың шығындарын бағалаудың алынған мөлшері материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындарға қосылады.

20. Бейресми және жасырын сектордың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының шығындары ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың нәтижелері бойынша қалыптастырылған деректер негізінде бағаланады.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа кеткен шығындардың айлық көлемін бағалау материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестиция көлеміндегі басқа да шығындарды қосатын жылдық көлемінің он екі бір бөлігін құрайтын шарттар бойынша тараптық ұйымдар орындаған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер құны туралы жылдық деректер негізінде жүзеге асырылады.

21. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге бейресми және жасырын секторлардың шығынын бағалау компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын жасауға және сатып алуға кеткен айлық шығындар көлемінің есебі үшін түзетілетін және тиісінше кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың нәтижелері бойынша қалыптастырылған деректер негізінде жүзеге асырылады.

4-параграф. Жасырын және бейресми қызметті бағалау есебімен негізгі капиталға салынған инвестиция көлемін анықтау

22. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жиынтық көлемі жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижесінде алынған негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, бейресми мен жасырын инвестициялық қызметті бағалау көлемі және бақыланбайтын (толық емес қамту және шаруашылық жүргізуші субъектілер салымдарының жылдық көлеміне дейін) негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін жете бағалауынан тұрады.

Жасырын және бейресми сектордың жете бағалауын және бағалау көлемдерін ескеріп, есепті деректердің қосындысы активтердің құрылымына сәйкес жүргізіледі.

23. Жасырын және бейресми секторлар есебімен құрылыс-монтаж жұмыстарына кеткен шығындар көлемі келесі формула бойынша анықталады:

$$I_{smr} = I_{smr\,otch} + I_{o\,smr}, \qquad (10)$$

мұндағы:

I_{smr} – экономиканың жасырын және бейресми секторлар есебімен құрылыс-монтаж жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар көлемі;

$I_{smr\,otch}$ – жете бағалауды ескеріп, есепті деректер бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары шығындарына шығындар;

$I_{o\,smr}$ – құрылыс-монтаж жұмыстарына жасырын және бейресми сектор шығындарының бағалау көлемі.

24. Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындарды анықтау машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен жасырын және бейресми секторлардың шығындарын қосумен жүзеге асырылады:

$$I_{mash} = I_{mash\,otch} + I_{o\,mash}, \qquad (11)$$

мұндағы:

I_{mash} – экономиканың жасырын және бейресми секторлары есебімен машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар көлемі;

$I_{mash\,otch}$ – жете бағалау есепті деректері бойынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар;

$I_{o\,mash}$ – машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындардың бағалау көлемі.

25. Жасырын және бейресми секторлар есебімен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне кеткен өзге де шығындар келесі формула бойынша есептеледі:

$$I_{pr} = I_{pr\,otch} + I_{o\,pr}, \qquad (12)$$

мұндағы:

I_{pr} – экономиканың жасырын және бейресми сектор есебімен негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің өзге де шығындарының көлемі;

$I_{pr\,otch}$ – жете бағалау есебімен деректер бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінде өзге де шығындар көлемі;

$I_{o\,pr}$ – экономиканың жасырын және бейресми секторындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне кеткен өзге де шығындардың бағалау көлемі.

Жасырын және бейресми сектор есебімен негізгі капиталға салынған инвестицияның жиынтық көлемі келесі формула бойынша анықталады:

$$I = I_{smr} + I_{mach} + I_{pr}, \qquad (13)$$

мұндағы:

I – жасырын және бейресми сектор есебімен негізгі капиталға салынған инвестицияның жиынтық көлемі;

I_{smr} – экономиканың жасырын және бейресми секторы есебімен құрылыс-монтаж жұмыстарына кеткен шығындар көлемі;

I_{mach} – экономиканың жасырын және бейресми секторы есебімен машиналар, жабдықтар, көлік құралдары мен құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар көлемі;

I_{pr} – экономиканың жасырын және бейресми секторы есебімен негізгі капиталға салынған инвестиция көлеміндегі өзге де шығындар көлемі.

Экономиканың жасырын және бейресми секторының негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін есептеу алгоритмі осы Әдістемеге қосымшада келтірілген.

Жасырын және бейресми қызметті есепке алумен негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемін анықтау бойынша әдістемеге қосымша

Экономиканың жасырын және бейресми секторының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемін есептеу алгоритмі

Көрсеткіш атауы	Жол нөмірі	Көрсеткішті қалыптастыру (есептеу)
Негізгі капиталға салынған инвестиция	01	01-жол=02- жол +17-жол
Материалдық негізгі капиталға салынған инвестиция	02	02- жол=03-жол +09-жол +14-жол +15-жол+16-жол
Құрылыс-монтаж жұмыстарына және ғимараттар мен имараттардың күрделі жөндеуіне шығындар	03	03- жол= 04- жол + 08-жол
құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар	04	04- жол =05-жол +06-жол+07- жол
соның ішінде:		
тұрғын ғимараттарға	05	(1) формула бойынша есептелген I_p, жеке тұрғын үй құнының төмендетілген шығындарының қайта бағалау және бағалау көлемін, сонымен қатар (3) формула бойынша есептелген I_{prod} сатылған жаңадан салынған тұрғын үйлер бойынша инвестициялар өсімі бойынша деректер ескеріліп, есептік деректердің қосындысымен анықталады
Тұрғын емес имараттарға	06	(5) формула бойынша есептелінген I_d, жеке тұлғалардың тұрғын емес ғимараттар құрылысының құнын төмендету көлемдерін қайта бағалау және бағалау көлемдерін ескеріп, есептік деректердің қосындысымен анықталады
имараттарға	07	жеке тұлғалардың имараттар құрылысының құнын төмендету көлемдерін бағалау көлемдерін ескеріп, есептік деректердің қосындысымен анықталады
Ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеуге кеткен шығындар	08	есептік деректер
Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, сатып алуға және олардың күрделі жөндеуіне кеткен шығындар	09	09- жол =10-жол +11-жол
Машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын, құрал-саймандарды сатып алуға кеткен шығындар	10	машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алуға кеткен жасырын және бейресми сектордағы шығындардың құндық көлемі мен жете есептеу есебімен есептік деректердің қосындысымен анықталады
олардан:		
Көлік құралдары	11	есептік деректер
Ақпараттық, компьютерлік және телекоммуникациялық жабдық	12	есептік деректер
Машиналар, жабдықтар және көлік құралдарының күрделі жөндеуі	13	есептік деректер
Көпжылдық дақылдарды отырғызу және өсіру бойынша шығындар	14	көпжылдық дақылдарды өсіру, сату үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын, шаруа, фермер және үй шаруашылықтары шығындарының бағалау көлемі мен есепті деректердің қосындысымен анықталады
Жұмысшы, өнімді және асыл тұқымды табынды қалыптастыру шығындары	15	жұмысшы, өнімді малдарды өсіруге, сату үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруа, фермер және үй шаруашылықтарының шығындарының бағалау көлемі мен есепті деректердің қосындысымен анықталады
Материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне кеткен шығындар	16	жете бағалау есебімен есептік деректер
Материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне кеткен шығындар	17	17- жол=18-жол +19-жол+20-жол
Компьютерлік-бағдарламалық қамтамасыз ету және деректер базасын құруға және сатып алу шығындары	18	есептік деректердің және **бағдарламалық қамтамасыз етуді құруға** бейресми және жасырын сектор шығындарының бағалау көлемінің қосындысымен анықталады
Пайдалы қазбалар қорын барлау және бағалау шығындары	19	пайдалы қазбаларды барлауға және бағалауға жасырын және бейресми сектор шығындарының бағалау көлемі мен есептік деректердің қосындысымен анықталады
Материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміне өзге де шығындар	20	жасырын және бейресми секторының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты қайта бағалау және шығындарын ескеріп, есептік деректердің қосындысымен анықталады

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16150 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 13 қараша №168 Астана қаласы

Инвестициялар және құрылыс статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Мыналар:

1) «Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» (коды 161101108, индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» (коды 161101108, индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) «Инвестициялық қызмет туралы есеп» (коды 161112108, индексі 1-инвест, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) «Инвестициялық қызмет туралы есеп» (коды 161112108, индексі 1-инвест, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» (коды 161101113, индексі 1-ИС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» (коды 161101113, индексі 1-ИС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» (коды 161112113, индексі 1-ИС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» (коды 161112113, индексі 1-ИС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» (коды 161101177, индексі 2-КС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» (коды 161101177 индексі 2-КС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» (коды 161112177, индекс 2-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» (коды 161112177, индекс 2-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) «Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп» (коды 161101117, индексі 1-КС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) «Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп» (коды 161101117, индексі 1-КС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес;

15) «Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп» (коды 161103118, индексі 1-КС (шағын), кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес;

16) «Орындалған құрылыс жұмыстары (көрсетілетін қызметтер) туралы есеп» (коды 161103118, индексі 1-КС (шағын), кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлеке

(Жалғасы. Басы 22-бетте)

Атауы
Наименование_____

Мекенжайы
Адрес _____

Телефоны
Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) _____

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[2]
Согласны на распространение первичных статистических данных[2] ☐

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз[2]
Не согласны на распространение первичных статистических данных[2] ☐

Орындаушы
Исполнитель _____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы, телефоны** подпись, телефон

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер _____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности
_____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Ескертпе:
Примечание:
[2]Аталған тармақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады
[2]Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О государственной статистике»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы №168 бұйрығына 2-қосымша

«Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп»
(коды 161101108, индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» (коды 161101108, индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8-тармақшасына сәйкес әзірленген және «Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» (коды 161101108, индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) банктердің кредиттері – бұл қарыз алушының қаржы қаражатына қажеттілігін қанағаттандыру үшін, белгілі мақсатқа банк беретін ақшалай қаражаттар;

2) басқа қарыз қаражаты – шаруашылық жүргізуші субъектіге тиесілі емес, бірақ оның иелігінде уақытша болатын және оның өзінікімен бірдей пайдаланылатын ақша қаражаттары, оларға (банк кредиттерінен басқа) басқа ұйымдардың қарыздары, кәсіпорындардың заңды және жеке құрылтайшы тұлғалардың қарыздары, отандық және шетелдік банктік емес мекемелермен (микрокредиттік ұйымдар), резидент емес заңды және жеке тұлғалармен берілетін қарыздар мен гранттар жатады;

3) бюджеттік инвестициялық жоба – жаңа құрылыс салуға не бар объектілерді қайта құруға бағытталған, белгілі бір уақыт кезеңінде бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие іс-шаралар жиынтығы.

4) ғимараттар мен имараттарға күрделі жөндеу – объектінің бастапқы құнын ұлғайтатын тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу бойынша шығындар;

5) жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру – құрылысы біткен және пайдалануға берілген кәсіпорындар, өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы ғимараттар мен имараттар, машиналар, жабдықтар, көлік құралдарының барлық түрлерінің құнын қамтиды;

6) жергілікті бюджет қаражаты – өтеулі және өтеусіз негізде жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат, жергілікті атқарушы органдардың өзара қарыз беру қаражатын қоса;

7) жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табынды қалыптастыруға шығындар – жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды ересек малды оларды жеткізу шығыстарын қоса алғанда сатып алуға кеткен шығындар, өнім беретін және жұмысқа жегілетін мал негізгі табынға қосылатын төлдерін шаруашылықта өсіру бойынша шығындар;

8) компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді және дерекқорларды құруға және сатып алуға кеткен шығындар:

шаруашылық жүргізетін субъектілердің дерекқорларды және бағдарламалық қамтамасыз етуді құруға және сатып алуға кеткен шығындары;

бағдарламалық қамтамасыз етуге авторлық құқығын әзірлеу және алуға (сатып алуға) байланысты шығындар;

бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілердің оған қызмет көрсету, өрістету, конфигурациялаумен байланысты шығындары;

9) кепжылдық дақылдарды егуге және өсіруге кеткен шығындар – бірнеше рет және тоқтаусызсыз пайдаланылатын жеміс-жидек көшеттерінің барлық түрлерін, көгалдыратын және сәндік көшеттерді, қорғауға арналған және басқа да орман алқаптарын, ботаникалық бақтардың жасанды көшеттерді өсіруге кеткен шығындар;

10) қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестиция – қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған шығындар:

ақаба суларды тазартуға арналған имараттарды пайдалануға беру және қайта құруға арналған іс-шараларға жұмсалған шығындар;

тұрмыстық-коммуналдық, нөсер ағындарын тазартуға арналған имараттарды пайдалануға беру бойынша іс-шараларға жұмсалған шығындар;

жер үсті су көздерінің жағдайын жақсартуға арналған іс-шараларға жұмсалған шығындар;

жер ресурстарын қорғау жөніндегі іс шаралар өткізуге жұмсалған шығындар;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жасау бойынша іс-шараларды өткізуге жұмсалған шығындар және өзге де шығындар;

11) құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар – тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен имараттарды салу, кеңейту, қайта құру, техникалық қайта жарақтандыру жұмыстарына, энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстарына кеткен шығындар;

12) машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар – машиналарды, көлік құралдарын, жабдықтарды, компьютерлерді, жиһазды, құрал-саймандарды сатып алуға (соның ішінде ішінде бойынша) кеткен шығындар және машиналар мен жабдықтарды күрделі жөндеу бойынша шығындар;

13) меншікті қаражат – кәсіпорындардың, ұйымдардың, халықтың қаражаты;

14) негізгі капиталға салынған инвестициялар – инвестордың жаңа құрылысқа, кеңейтуге, сондай-ақ объектінің бастапқы құнының көбеюіне әкелетін объектілерді қайта құру мен жаңартуға, машина, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға бағытталған экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерді алу мақсатында қаражаттарды салуы;

15) инвестициялар көлеміндегі материалдық емес негізгі капиталға өзге де шығындар:

объект құрылысына байланысты (құрылыс үшін жобалау-іздестіру жұмыстары, авторлық қадағалау, салынып жатқан объектілердің дирекцияларын ұстауға, құрылыс үшін жер учаскесін алу және сатып алу кезінде жерге жұмсалған шығындар, құрылыс аумағын дайындау және игерумен байланысты басқа шығындар) құрылыс сметаларында көзделген өзге де шығындар;

жерді рекультивациялау, көмір шахталары қызметтерінің зардаптарын жою бойынша (топырақтың шөгуінен кейін ойпаттарды, көлдерді, батпақтарды жою және тағы басқа) жұмыстарына кеткен шығындар.

16) пайдалы қазбаларды барлау мен бағалауға кеткен шығындар – мұнай кен орны, табиғи газ және басқа да пайдалы қазбаларды барлау бойынша және барланған кен орындарын бұдан әрі бағалау бойынша шығындардың жиынтығы;

17) резидент еместердің қарыз қаражаттары – шетелдік заңды және жеке тұлғалардың, банктік емес мекемелердің қарыздары есебінен жүзеге асырылатын инвестициялар;

18) республикалық бюджет қаражаты – үкіметтің сыртқы қарыздарын қоса өтеулі және өтеусіз негізде республикалық бюджеттен бөлінген қаражат;

19) тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар – жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлер, жатақханалар, әлеуметтік топтарға арналған тұрғын үй құрылысын салуға жұмсалған шығындар;

20) шетелдік банктер – тіркелген мемлекетінің заңнамасы бойынша банктік операциялар жүргізуге құқы бар, Қазақстан Республикасының шегінен тыс құрылған және өздері тіркелген мемлекеттер заңнамасы бойынша банктік операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар банктер және өзге де қаржы институттары;

3. Статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша заңды тұлғалардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, егер оларға заңды тұлғалар статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктерді берген болса тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерде осындай уәкілеттіктер болмаған жағдайда статистикалық нысаны өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде, сондай-ақ, осы бөлімшелерді қоспағанда заңды тұлғалар бойынша олардың орналасқан жерін көрсете отырып ұсынады.

Екі және одан да көп облыс аумағына инвестициялауды жүзеге асыратын заңды тұлға жеке бланкіде жеке статистикалық нысанда әрбір аумақ бойынша ақпратты бөлек көрсете отырып, статистикалық нысанды тапсырады, яғни деректер инвестициялау орны бойынша көрсетіледі.

4. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынуға құқылы.

Мемлекеттік мекемелер өздері жүргізген шығындарды бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде көрсетеді.

5. Статистикалық нысанда шығындар есептеу әдісі бойынша оларды жүзеге асыру сәтінде қолданыста болған нақты бағаларда, яғни қаражаттың нақты түсуіне қарамастан және қосалқы құнға салықсыз көрсетіледі.

Негізгі капиталға салынған инвестицияларға құрал-жабдықтар, ғимараттар, тұрғын үй қоры объектілеріндегі пәтерлер және бұрын басқа ұйымдардың негізгі қорларында (қаражаттарында) болған имараттарды (бұрын қолданыста болған негізгі қаражаттар), кәсіпорындар мен ұйымдардың ағымдағы шығыстары және мемлекеттік бюджеттен мемлекеттік мекемелерді ұстауға бөлінетін шығыстар жатпайды.

Статистикалық нысанды толтыру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4771 болып тіркелген) Бухгалтерлік есеп шоттары типтік жоспарының «Ұзақ мерзімді активтер» бөлімінің деректері пайдаланылады. Бұл ретте 2910 «Берілген ұзақ мерзімді аванстар», 2920 «Алдағы кезеңдегі шығыстар», 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шоттарының көрсеткіштері кәсіпорынның есептік саясатына сәйкес қалыптастырылады, яғни кәсіпорын оның шығыстары инвестицияларға жататындығын, не жатпайтындығын өзі анықтайды.

Ғимараттар мен имараттарды, машиналарды, жабдықтарды күрделі жөндеуіне кеткен шығындар, бұл шығындар жөндеу объектісінің бастапқы құнын өсірген жағдайда ғана көрсетіледі.

6. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

7. 2-бөлімде

2.1.1-2.1.3 жолдары бойынша тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен имараттарды салу, кеңейту, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру құрылыс жұмыстарына; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстарына кеткен шығындар көрсетіледі;

2.3.1 жол бойынша жеке пайдаланатын көлік құралдарын қоспағанда (жеңіл, жүк таситын, темір жол, әуедегі және су көлігі) көлік құралдарын сатып алуға шығындар көрсетіледі;

2.3.2 жолы бойынша – ақпаратты сақтау, жіберу және өзгертуге арналған ақпараттық, компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықты сатып алуға шығындар. Жабдықтың осы түріне есептеу техникасы және ұйымдық техника құралдары; радио байланыс, радио хабар тарату және теледидар құралдары; ақпаратық-коммуникациялық инфрақұрылымға жататын жабдық жатады.

Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді және дерекқорларды құруға және сатып алуға шығындарды көрсеткен кезде жеке тұтыну үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді құруға және сатып алуға шығындары ескеріледі. Қысқа мерзімде пайдалануға лицензиясы бар дайын компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға кеткен шығындар, яғни бағдарламаның даналарын тек оны пайдалануға құқығын сатып алумен күрделі сипаттағы шығындар болып қарастырылмайды, өйткені материалдық емес актив құруға әкелмейді және инвестициялық салым болып табылмайды.

2-бөлімде 4-жолдың деректері 1-жолдан бөлініп көрсетіледі.

3-бөлімде негізгі құралдарды және негізгі капиталға инвестицияларды қолданысқа еңгізу Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес өздері бағыттанған экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлінеді.

3-бөлімнің 2-жолының деректері 1-жолдан бөлініп көрсетіледі.

8. Ескертпе: Х – аталған позиция толтыруға жатпайды.

9. Арифметикалық-логикалық бақылау.

1) 2-бөлім «Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі»:
1-баған=2-5, 7-бағандардың ∑ әрбір жол үшін;
1-жол=2,3-жолдардың ∑ әрбір баған үшін;
2-жол=2.1-2.7-жолдардың ∑ әрбір баған үшін;
2.1-жол=2.1.1-2.1.3-жолдардың ∑ әрбір баған үшін;
2.3-жолдағы деректер≥2.3.1-2.3.2-жолдарының ∑ әрбір баған үшін;
3-жол=3.1-3.3-жолдардың ∑ әрбір баған үшін;
1-жол≥4-жол, әрбір баған үшін;

2) 3-бөлім «Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі»:
2-баған=3-6, 8-бағандардың ∑ әрбір жол үшін;
1-жол=пайдалану бағыттары бойынша толтырылған жолдардың әрбір баған үшін ∑;
«68.10.0» қызмет түрі бойынша деректер≥2-жолынан.
«Пайдалану бағыттары бойынша іске қосылған жаңа негізгі құралдар көлемі»:
1-жол=тиісті бағандар бойынша пайдалану бағыттары бойынша толтырылған жолдардың ∑.

3) Бөлімдер арасындағы бақылау: 2-бөлімінің 1-жолының деректері әр баған үшін 3-бөлімнің 1-жолы бойынша деректерімен бірдей.
2-бөлімде:
5-баған деректері≥6-бағаннан, әрбір жол үшін;
7-баған деректері≥8-бағаннан, әрбір жол үшін;
3-бөлімде:
6-баған деректері≥7-бағаннан әр жол үшін;
8-баған деректері≥9-бағаннан әр жол үшін.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қарашадағы №168 бұйрығына 3-қосымша

Приложение 3 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 13 ноября 2017 года №168

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Статистикалық нысан коды 161112108
Код статистической формы 161112108

Инвестициялық қызмет туралы есеп
Отчет об инвестиционной деятельности

1-инвест

Жылдық Годовая — **Есепті кезең** Отчетный период ☐☐☐☐ — **жыл** год

Қызметкерлерінің санына қарамастан, инвестициялық қызметті іске асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады
Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, осуществляющие инвестиционную деятельность, независимо от численности работающих

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 15 сәуірге (қоса алғанда) дейін
Срок представления – до 15 апреля (включительно) после отчетного периода

БСН коды
код БИН ☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐☐

1. Инвестиция игерілген өңірді көрсетіңіз (кәсіпорынның тіркелген жеріне қарамастан) – облыс, қала, аудан, елді мекен ☐
Укажите регион освоения инвестиций (независимо от места регистрации предприятия) – область, город, район, населенный пункт

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (статистикалық нысанды қағаз тасығышта тапсыру кезінде статистика органының қызметкерлері толтырады) ☐
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

2. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін көрсетіңіз, мың теңгеде
Укажите объем инвестиций в основной капитал, в тысячах тенге

Жол коды код строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	Барлығы Всего	Соның ішінде: В том числе: бюджеттік қаражат бюджетные средства: республикалық бюджет республиканский бюджет	жергілікті бюджет местный бюджет	меншікті қаражат собственные средства	банктердің кредиттері кредиты банков: барлығы всего	оның ішінде шетелдік банктерден из них иностранных банков	басқа да қарыз қаражаты другие заемные средства: барлығы всего	оның ішінде резидент еместер из них нерезидентов
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8
1	**Негізгі капиталға салынған инвестициялар** Инвестиции в основной капитал								
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
2	**Материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар** Инвестиции в материальный основной капитал								
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
2.1	**құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар** затраты на строительно-монтажные работы								
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
2.1.1	**тұрғын ғимараттар** жилые здания								
2.1.2	**тұрғын емес ғимараттар** нежилые здания								
2.1.3	**имараттар** сооружения								
2.2	**ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу** капитальный ремонт зданий и сооружений								
2.3	машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құрал-саймандар машины, оборудование, транспортные средства, инструмент								
	оның ішінде: из них:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
2.3.1	**көлік құралдары мен жабдықтары** транспортные средства и оборудование								
2.3.2	**ақпараттық, компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтар** информационное, компьютерное и телекоммуникационное оборудование								
2.4	**машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын күрделі жөндеу** капитальный ремонт машин, оборудования, транспортных средств								
2.5	**көпжылдық дақылдарды отырғызу және өсіру бойынша шығындар** затраты по насаждению и выращиванию многолетних культур								
2.6	**жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табынды қалыптастыруға салынған шығындар** затраты на формирование рабочего, продуктивного и племенного стада								
2.7	**материалдық негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар** прочие затраты в объеме инвестиций в материальный основной капитал								
3	**Материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар** Инвестиции в нематериальный основной капитал								
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
3.1	**компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету және деректер қорларын құруға және сатып алуға салынған шығындар** затраты на создание и приобретение компьютерного программного обеспечения и базы данных								
3.2	**пайдалы қазбалар қорларын барлау және бағалауға салынған шығындар** затраты на разведку и оценку запасов полезных ископаемых								
3.3	**материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар** прочие затраты в объеме инвестиций в нематериальный основной капитал								

3. Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін көрсетіңіз, мың теңгеде
Укажите объем инвестиций в основной капитал по направлениям использования, в тысячах тенге

Жол коды код строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	ЭҚЖЖ[1] коды Код ОКЭД[1]	Барлығы Всего	Соның ішінде: В том числе: бюджеттік қаражат бюджетные средства: республикалық бюджет республиканский бюджет	жергілікті бюджет местный бюджет	меншікті қаражат собственные средства	банктердің кредиттері кредиты банков: барлығы всего	оның ішінде шетелдік банктерден из них иностранных банков	басқа да қарыз қаражаты другие заемные средства: барлығы всего	оның ішінде резидент еместер из них нерезидентов
А	Б	В	1	2	3	4	5	6	7	8
1	**Негізгі капиталға салынған инвестициялар** Инвестиции в основной капитал									
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
2	**Материалдық емес негізгі капиталға салынған инвестициялар** Инвестиции в материальный основной капитал									
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
3	**Негізгі капиталға салынған инвестициялар** Инвестиции в основной капитал	х								
	соның ішінде пайдалану бағыттары бойынша в том числе по направлениям использования									

4. Пайдалану бағыттары бойынша жаңа негізгі құралдардың пайдалануға берілуін және құрылысқа салынған инвестицияларды көрсетіңіз, мың теңгеде
Укажите ввод в эксплуатацию новых основных средств и инвестиции в строительство по направлениям использования, в тысячах тенге

Жол коды код строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	ЭҚЖЖ коды Код ОКЭД	Жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру Ввод в эксплуатацию новых основных средств	Құрылысқа салынған инвестициялар Инвестиции в строительство	құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар затраты на строительно-монтажные работы	ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу капитальный ремонт зданий и сооружений	2-бөлімнің 2.3- жолынан объект құрылысына байланысты машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар из строки 2.3 раздела 2 машины, оборудование, инструмент, связанные со строительством объекта	2-бөлімнің 1- жолынан объект құрылысына байланысты өзге де шығындар из строки 1 раздела 2 прочие затраты, связанные со строительством объекта
А	Б	В	1	2	3	4	5	6
1	Барлығы Всего	х						
	соның ішінде пайдалану бағыттары бойынша в том числе по направлениям использования							

5. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар көлемін көрсетіңіз, мың теңгеде
Укажите объем инвестиций, направленных на охрану окружающей среды, в тысячах тенге

Жол № строки	Көрсеткіш атауы Наименование показателя	Барлығы Всего	Соның ішінде: В том числе: бюджеттік қаражат бюджетные средства: республикалық бюджет республиканский бюджет	жергілікті бюджет местный бюджет	меншікті қаражат собственные средства	банктердің кредиттері кредиты банков: барлығы всего	оның ішінде шетелдік банктерден из них иностранных банков	басқа да қарыз қаражаты другие заемные средства: барлығы всего	оның ішінде резидент еместер из них нерезидентов
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8
1	**2-бөлімінің 1-жолынан қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар** Из строки 1 раздела 2 инвестиции, направленные на охрану окружающей среды								
	соның ішінде: в том числе:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
1.1	**атмосфералық ауаны қорғауға және климат өзгерісі мәселелеріне** на охрану атмосферного воздуха и проблемы изменения климата								
1.2	**ақаба суларды тазалауға** на очистку сточных вод								
1.3	**қалдықтармен айналысуға** на обращение с отходами								
1.4	**топырақты, жерасты және жерүсті суларды қорғау мен оңалтуға** на защиту и реабилитацию почвы, подземных и поверхностных вод								
1.5	**шу және вибрациялық әсер етуді азайтуға** на снижение шумового и вибрационного воздействия								
1.6	**био әртүрлілік және мекендеу ортасын сақтауға** на сохранение биоразнообразия и среды обитания								
1.7	**радиациялық қауіпсіздікке** на радиационную безопасность								
1.8	**ғылыми-зерттеу жұмыстарына** на научно-исследовательские работы								
1.9	**табиғатты қорғау қызметінің басқа бағыттарына** на другие направления природоохранной деятельности								
	оның ішінде: из них:	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
1.9.1	**жаңартылатын энергия көздеріне салынған инвестициялар** инвестиции в возобновляемые источники энергии								
1.9.2	**энергия сақтау технологияларына салынған инвестициялар және энергия тиімділігін арттыру** инвестиции в энергосберегающие технологии и повышение энергоэффективности								
1.9.3	**парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған инвестициялар** инвестиции, направленные на снижение выбросов парниковых газов								

Атауы
Наименование_____

Мекенжайы
Адрес _____

Телефоны
Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)
Адрес электронной почты (респондента) _____

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз[2]
Согласны на распространение первичных статистических данных[2] ☐

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз[2]
Не согласны на распространение первичных статистических данных[2] ☐

Орындаушы
Исполнитель _____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы, телефоны** подпись, телефон

Бас бухгалтер
Главный бухгалтер _____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға
Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности
_____ _____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) — **қолы** подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)
Место для печати (при наличии)

Ескертпе:
Примечание:
[2]Аталған тармақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады
[2]Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О государственной статистике»

(Жалғасы бар)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 22 желтоқсан №248 Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы Д.АҚЫШЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
_____ М.Бекетаев
2018 жылғы 12 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
_____ Т.Дуйсенова
2018 жылғы 16 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б.Сұлтанов
2018 жылғы 18 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
_____ Н.Айдапкелов
2018 жылғы 10 қаңтар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №248 қаулысына қосымша

Төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының тізбесі

1. «Сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша міндетті сақтандыру шарттарын жасау үшін сақтанушы өтініштерінің мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 24 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6171 болып тіркелген, 2010 жылғы 7

(Соңы. Басы 23-бетте)

4. «Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы №32 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9325 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларында:

1, 2 және 3-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру тәртібі»;

«3-тарау. Кастодиан банктің МТ 102 форматындағы төлем хабарламасын алғаннан кейінгі және Жөнелтуші қордың зейнетақы жинақтарын қайтарған кездегі іс-қимылдары»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Жөнелтуші қордың кастодиан банкі салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыруға Жөнелтуші қордың МТ 102 форматындағы төлем хабарламасын алған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына (бұдан әрі – № 203 қағидалар) сәйкес айқындалған төлемдер белгілеу кодтарын көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын оған Жөнелтуші қор бастама жасаған күні сақтандыру ұйымына ауыстырады.»;

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сақтандыру ұйымының зейнетақы жинақтарын қайтаруына төлем тапсырмасын қалыптастыруы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларының, №203 қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Қорытынды ережелер».

5. «Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы №199 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9948 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына, Халықаралық сауда палатасы қабылдаған Құжаттамалық аккредитив бойынша бірізендірілген дәстүрлерге және қағидаларға (International Chamber of Commerce, UCP Publication № 600) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы банктерінің (бұдан әрі – банктер) құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу тәртібін реттейді.»;

1 және 2-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Аккредитивті ашу тәртібі»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Аккредитив ашу үшін бұйрық беруші қызмет көрсететін банкке (эмитент банкке) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4602 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесінде көзделген құжаттарды (Ұлттық Банкте аккредитивтер ашуды қоспағанда) және аккредитив ашуға арналған еркін нысандағы өтініштің екі данасын ұсынады. Өтініштің бірінші данасы аккредитив ашу үшін банкте қалады, қабылдағаны туралы белгі қойылған екінші данасы клиентке қайтарылады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Ұлттық Банк аккредитив ашуы үшін бұйрық беруші Ұлттық Банкке құжаттамалық аккредитивті қолдана отырып есеп айырысу нысанын пайдалануды көздейтін шарттың көшірмесімен қоса ашуға арналған еркін нысандағы өтінішті береді.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Аккредитивті орындау»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Бенефициардың пайдасына төлемді жүзеге асыру кезінде эмитент банк (орындаушы банк) аккредитив сомасына төлем құжатын қалыптастырады, оның орындалуы Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7701 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен және талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Бенефициардың аударым вексельдерін (тратталарын) акцептеу немесе негоциациясы аккредитив талаптарына қарай «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» 1997 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13071 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №261 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізуі қағидаларына сәйкес жүргізіледі.»;

4-тарау алып тасталсын.

6. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларында:

1, 2 және 3-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

«2-тарау. Касса жұмысын ұйымдастыру»;

«3-тарау. Кассалық операцияларды жасау»;

36-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Монетарлық операциялардың есепке алу бөлімшесінде банк шоты (банк шоттары) бар заңды тұлғаларға қолма-қол ақша беру чектер және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларына 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банктің филиалы арқылы банк (банктік емес ұйым) және (немесе) банк (банктік емес ұйым) филиалының қолма-қол ақшаны алуы үшін жиынтық ведомосы (бұдан әрі – жиынтық ведомость) негізінде жүзеге асырылады.»;

4, 5 және 6-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Банкноттар мен монеталарды сұрыптау және орау»;

«5-тарау. Кем шығармен, артық шығармен, тозған, бүлінген, күмәнді және төлем жасалмайтын банкноттармен және монеталармен, сондай-ақ қолдан жасалған және ақау белгілері бар ақша белгілерімен жұмысты ұйымдастыру»;

«6-тарау. Ұлттық Банктің Орталығында кассалық операцияларды жасау ерекшеліктері».

7. «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11162 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 16-қосымшаға сәйкес банктерді Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициенттерінің талдамасы туралы есеп нысанында:

«Банктерді Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициенттерінің талдамасы туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. 4 және 15-жолдарда өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, экономиканың «басқа қаржы ұйымдары – коды 5», «мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – коды 6», «мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – коды 7» және «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – коды 8» секторларына кіретін шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер, міндеттемелер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес көрсетіледі.».

8. «Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13256 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарда:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және электрондық банктік қызметтер көрсету қамтамасыз етілетін банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктер) ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігіне және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды белгілейді.»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Талаптарда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен бекітілген Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында (бұдан әрі – № 212 қағидалар) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:»;

2, 3 және 4-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Жұмыс орындарына қойылатын талаптар»;

«3-тарау. Ақпараттық жүйенің құрылымы және жұмыс істеуі жөніндегі құжаттамаға қойылатын талаптар»;

«4-тарау. Ақпараттық жүйелер жұмысының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде қауіпсіздік рәсімдеріне қойылатын талаптар № 212 қағидаларда белгіленеді.»;

5-тарудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Ақпараттық жүйенің жұмысында іркіліс (бос тұрып қалу) туындаған кезде банк негізгі орталықтың жұмысын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Негізгі орталықтың жұмысын қалыпқа келтірудің рұқсат етілген ең аз мерзімі кезеңінде қалпына келтіру мүмкіндігі болмаған жағдайда ақпараттық жүйені резервтік орталықтың жұмысына ауыстыру жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйені резервтік орталыққа ауыстыру бойынша стандартты уақыт нормативі іркіліс (бос тұрып қалу) туындаған сәттен бастап төрт сағаттан аспайды.

Ақпараттық жүйе жұмысында клиенттердің қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы электрондық банктік қызметтерге және (немесе) банктің электрондық терминалдар желісіне қолжетімділігінің үш сағаттан аса уақытқа үзілуіне әкеп соққан іркіліс (бос тұрып қалу) туындаған жағдайда, банк электрондық хабар жіберу арқылы Ұлттық Банкке шұғыл хабарлайды. Іркіліс (бос тұрып қалу) жұмыс істемейтін уақытта туындаған жағдайда, банк Ұлттық Банкке іркіліс (бос тұрып қалу) туындаған күннен кейінгі жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 10.00-ден кешіктірмей хабарлайды.

9. «Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндерінде және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде:

53-тармақтың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – №316 нұсқаулық) сәйкес экономиканың «басқа қаржы ұйымдары – коды 5», «мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – коды 6», «мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – коды 7» және «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – коды 8» секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы міндеттемелер;»;

54-тармақтың екінші бөлігінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, № 316 нұсқаулыққа сәйкес экономиканың «басқа қаржы ұйымдары – коды 5», «мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – коды 6», «мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – коды 7» және «үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар – коды 8» секторларына кіретін шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктері алдындағы міндеттемелер;».

10. «Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №200 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14289 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарда:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Төлем жүйесіне кіруге рұқсат алған пайдаланушының төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын жасаған немесе төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын жаңа жерге ауыстырған кезде төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны іске қосылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде төлем жүйесін пайдаланушы өз қызметінің Талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны (ақпаратты) алу үшін бұл жөнінде Ұлттық Банкті еркін жазбаша нысанда хабардар етеді.»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Төлем жүйесін пайдалануды мен Орталықтың арасындағы байланысты жүзеге асыратын бағдарламалық қамтамасыз етуге, төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына рұқсатсыз кіруден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешенге, сондай-ақ төлем жүйесін пайдаланушының ақпараттық жүйесінде дайындалған электрондық құжаттарды төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының өткізу технологиясына өзгерістер енгізілген жағдайда, төлем жүйесін пайдаланушы өзгерістер енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз қызметінің Талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны (ақпаратты) алу үшін бұл жөнінде Ұлттық Банкті еркін жазбаша нысанда хабардар етеді.»;

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Негізгі орталықта стандартты емес жағдай туындаған кезде төлем жүйесін пайдаланушы:

1) төлем жүйесін пайдаланушының бағдарламалық-техникалық кешенін резервтік орталыққа ауыстыруды қамтамасыз етеді.

Төлем жүйесін пайдаланушының бағдарламалық-техникалық кешенін резервтік орталыққа ауыстыру бойынша стандартты уақыт нормативі стандартты емес жағдай туындаған сәттен бастап үш сағаттан аспайды.

Стандартты уақыт нормативін сақтауға мүмкіндік болмаған кезде төлем жүйесін пайдаланушы Орталықтың төлем жүйесінің операциялық күні аяқталғанға дейін төлемдер мен ақша аударымдары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындау қажеттігін ескере отырып, төлем жүйесін пайдаланушының жұмысын резервтік орталыққа ауыстыру үшін қажетті шараларды қабылдайды;

2) «Ақпарат тасымалдаудың қаржылық автоматандырылған жүйесі» тасымалдау жүйесінің (бұдан әрі – АТҚАЖ) қорғалған байланыс арнасы немесе факсимильді байланыс арқылы Ұлттық Банкке бағдарламалық-техникалық кешенді резервтік орталыққа ауыстыру шешімінің қабылданғандығы туралы хатты көрсетілген шешім қабылданғаннан кейін үш сағаттың ішінде жібереді;

3) АТҚАЖ байланысының қорғалған арнасы немесе факсимильді байланыс арқылы Ұлттық Банкке бағдарламалық-техникалық кешенді резервтік орталыққа ауыстыру нәтижелері туралы хатты ауыстыру жұмыстары аяқталғаннан кейін үш сағат ішінде жібереді;

4) АТҚАЖ байланысының қорғалған арнасы немесе факсимильді байланыс арқылы Ұлттық Банкке бағдарламалық-техникалық кешенді қайтадан негізгі орталыққа ауыстыру нәтижелері туралы хатты ауыстыру жұмыстары аяқталғаннан кейін үш сағат ішінде жібереді.».

11. «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларында:

1-қосымшада:

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төлем құжаттарында пайдалану үшін институционалдық бірліктерді экономика секторларының кодтары бойынша бөлу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қаржылық қызметті жүргізетін халықаралық ұйымдар «Орталық (ұлттық) банк» экономика секторында ескеріледі, барлық өзге халықаралық ұйымдар «Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Шет мемлекеттің Үкіметі» экономика секторында есепке алынады.».

12. «Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №205 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14299 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жеке тұлға төлем карточкасын немесе оның деректемелері туралы ақпаратты алған күннен бастап төлем карточкасының ұстаушысы болып табылады. Ұстаушының төлем карточкасын алу фактісін растайтын, бank айқындайтын еркін нысанда жасалған құжаттағы төлем карточкасын ұстаушының қолы ұстаушының төлем карточкасын алғанын растау болып табылады.

Эмитентің төлем карточкасының ұстаушысына оның деректемелері туралы ақпаратты шартта көзделген тәсілмен беру арқылы төлем карточкасы электрондық түрде шығарылған жағдайда төлем карточкасының алынғанын растау қажет етілмейді.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Қағидаларға сәйкес ұстаушы төлем карточкасын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ қолма-қол ақша алу, валюталық айырбастау және оның эмитенті айқындаған талаптармен басқа операциялар үшін қолданады.

Төлем карточкасын пайдалана отырып төлем жасау тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде төлем карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып төлем құжатын жасау арқылы жүзеге асырылады.

Банк төлем қызметтерін көрсеткенге дейін қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы клиентке көрсетілетін электрондық банктік қызметтер бойынша алынатын комиссияның ақшалай мөлшері туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің талабы төлем карточкасын нақты пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаумен байланысты қызметтерге, сондай-ақ ұялы байланыс құралы арқылы қысқа мәтіндік және (немесе) мультимедиялық хабарлар арқылы төлемдер жіберу бойынша қызметтерге қолданылмайды.»;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Байланыссыз төлем карточкасын пайдалана отырып 10 000 (он мың) теңгеден аспайтын сомаға операцияны дербес сәйкестендіру нөмірін енгізбей-ақ жүзеге асыруға жол беріледі.».

13. «Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №207 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14422 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша банктік қызмет көрсету шартын банктің ішкі құжаттарында көзделген қауіпсіздік рәсімдерін қолдана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе динамикалық сәйкестендіруді пайдаланумен, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10212 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 521 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №235 қаулысымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарда көзделген тиісті тексеруге қойылған талаптарды ескере отырып, электрондық түрде жасауға рұқсат беріледі.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Өкіл-жеке тұлғаның (бұдан әрі – өкіл) белгілі бір ұйішші тұлғаның (клиент-жеке тұлғаның) атына ағымдағы шотты ашуы үшін өкіл банкке мыналарды ұсынады:

1) клиенттің жеке басын куәландыратын құжат;

2) өкілдің жеке басын куәландыратын құжат;

3) Азаматтық кодекске сәйкес уәкілетті тұлғаға (ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдерге) сенімхатты ұсыну талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, ағымдағы шотты ашу және (немесе) ағымдағы шоттағы ақшаға иелік ету құқығына берілген нотариат куәландырған сенімхат.

Ағымдағы шотты ашу және (немесе) ағымдағы шоттағы ақшаға иелік ету құқығына нотариат куәландырған сенімхат ұсынылған жағдайда, клиенттің жеке басын куәландыратын құжатын нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

«29-1. Жеке немесе заңды тұлға эскроу-шот режиміндегі ағымдағы шотты ашу үшін жеке немесе заңды тұлғаға ағымдағы шот ашу үшін Қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ ағымдағы шотты ашу құқығына сенім беруші ұсынған нотариат куәландырған сенімхатты ұсынады.

Банк, эскроу-шот ашатын тұлға және атына эскроу-шот ашылатын тұлға арасындағы үш жақты шарт негізінде эскроу-шот режиміндегі ағымдағы шот ашуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген сенімхатты ұсыну қажет етілмейді.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Белгілі бір ұйішші адамның-клиенттің атына жинақ шотын ашу үшін салымшы банкке мыналарды ұсынады:

1) жеке тұлға:

салымшының жеке басын растайтын құжат;

жинақ шотын ашу және (немесе) жинақ шотындағы ақшаға иелік ету құқығына берілген нотариат куәландырған сенімхат;

он алты жасқа жетпеген, көмелетке толмаған адамдар-клиенттер үшін – туу туралы куәлік;

2) заңды тұлға, оның филиалдары мен өкілдігі:

жинақ шотын ашу және (немесе) жинақ шотындағы ақшаға иелік ету құқығына берілген нотариат куәландырған сенімхат;

Қағидалардың 3-тарауының 1-параграфына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжатқа сәйкес клиенттің жинақ шотын жүргізуге (жинақ шоттағы ақшаға иелік етуге) операциялар жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.»;

мынадай мазмұндағы 33-1-тармақпен толықтырылсын:

«33-1. Жеке немесе заңды тұлға эскроу-шот режиміндегі жинақ шотын ашуы үшін жеке немесе заңды тұлғаға жинақ шотын ашу үшін Қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ жинақ шотын ашу құқығына сенім беруші ұсынған нотариат куәландырған сенімхатты ұсынады.

Банк, эскроу-шот ашатын тұлға және атына эскроу-шот ашылатын тұлға арасындағы үш жақты шарт негізінде эскроу-шот режиміндегі жинақ шотын ашуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген сенімхатты ұсыну қажет етілмейді.»;

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«74. Клиенттің банктік шотын жабу кезінде банк жеке сәйкестендіру кодын жояды.

Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда банктік шот шартын жасамаған кезде банктің ішкі қағидаларында белгіленген мерзімде банк жеке сәйкестендіру кодын жояды.».

14. «Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ақша аударуға өтініш – ақша жөнелтушінің Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайларда қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде пайдаланатын төлем құжаты;»;

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Төлем талабы мен инкассолық өкімді қоспағанда, қағаз тасымалдағышта орындалған төлем құжаттарында бастамашының немесе оның уәкілетті адамдарының қолдары және бастамашы мөрінің бедері (ол бар болса) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы